



**ПИОНЕР**

№10 ОКТЯБРЬ 1957  
АЛМАТЫ





## НЕМЕРЕМЕ

Мен бәйтерек, сен бір гүлім,  
Күн нұрына жайнаған.  
Тілің тәтті, сен бұлбұлым,  
Бұтағымда сайраған.

Мен қуанам ертең әлі-ақ,  
«Жігіт болып жетед» — деп.  
Келсең, маған сен аталап,  
Әкетемін жетектеп.

Екі өтпеймін дегеніңді,  
Қала ма деп жабырқап.  
Сен сұрайсың көргеніңді,  
Көрінгенге таңырқап.

Ойыншықтың неше түрін  
Қатарлайсың, ойнайсың.  
Тіршіліктің түрі-сырын  
Сұрап менен қоймайсың.

Мына тұрған тракторың  
Алпыс аттың күші бар.

Ақтарғанда жер қыртысын,  
Жер жемісін ұсынар.

Мынау тұрған самолетің  
Құстай ұшып кетесің.  
Мұны бұрын кім білетін,  
Мініп сайран етесің.



Ойыншықтың бәрі ғажап,  
Бәрі мысал өмірге.  
Мұның бәрін білу қажет,  
Қонып-ақ тұр көңілге.

Қартаймаспын, қажымаспын,  
Мен қызымет етермін.  
Иесі боп әзір астың,  
Өткізбеспін бекер күн.

Мен ойлаймын, бұдан басқа  
Немереме не берек.  
Бұған қалқам қуанбас па,  
Алса сыйым — осы өлең.

Халық ақыны.

Нұрқан Ахметбеков.







## ПИОНЕР

Қазақстан ЛКСМ Орталық Комитетінің пионерлер мен мектеп оқушыларына арналған әдеби-көркем және публицистикалық журналы

№ 10

ОКтябрь  
1957 ж.

Айына бір рет шығады.

Шығуына 19 жыл

# Бейбітшілік және достық

(Фестиваль дәптерінен)

Москва! Фестиваль! Бұл екі сөзді ешуақытта ұмытуға болмайды. Өйткені, Москвадағы Фестиваль мәңгі ұмытылмас із қалдырды. Ол фестивальдың теңі жоқ. Ақындар оны теңізге теңейді. Москваның кең көшелері мен алаңдарында сапырылысқан халық, шынында да, теңізге ұқсайды. Бірақ, теңіздің де шеті мен шегі бар, тымық күндері оның бетінен толқын көре алмайсың. Ал, фестивальда, адам шаттығы толқынының шегі болмады, ол үзбей толқи берді, толқи берді. Қайда көрсең, жылы жүз, жарқын мінез, естігенің тасқын күлкі, қанатты ән!

Фестиваль деген ғажайып бір сұлу гүл деп теңейді кейбіреулер. Адамзат тарихында бұл гүл алты рет шешек атты, алтыншы рет біздің Ұлы Отанымыздың сәулетті астанасы Москвада гүл шашты. Ол мұнда 15 күн гүлдеді, төңірегіннің бәріне, дүниежүзіндегі елдердің барлығына өз ұрығын, достық ұрығын шашты. Бірақ, солай дегенмен де, бұл теңеу де фестивальға сай келмейді. Өйткені, гүлдерде тіл жоқ, олар үнсіз, олар ойсыз, ал, фестиваль болса, ол — әзіл-күлкі, ән мен күйдің мұхиты, ең бастысы, фестиваль — адамзат болашағы туралы жарқын жастықтың игі ниеті мен адал ойларының, ізгі мақсатының кең мұхиты.

Фестивальды тіпті күннің өзімен де теңеуге болмайды. Өйткені, Москвада жарқыраған достық пен бейбітшілік сәулесі күн сияқты емес. Ол күн сияқты күндіз жанып, түнде сөнбейді, фестиваль ыстыққа да, суыққа да бас ұрмайды.

Москва фестивалі — жарқын жастық мейрамы. Әні мен сәні былай тұрсын, маңызы

жағынан да оны ешнәрсеге теңеуге болмайды. Кең көшелер мен алаңдардағы адам толқыны күн сайын өсіп, Кремль жұлдыздарының жарық нұры күн сайын көбейе түспек. Олар бейбітшілік пен тыныштық үшін күреске шыққандарға бақытты өмір береді.

Москва фестиваліне 131 елден 34 мың делегат қатынасты. Әшейінде, газет немесе оқулықтарыңды оқығанда, сен он шақты, не жиырма, асып кеткенде, отыз шақты елдің ғана атын кездестіресің едің. Ал, фестивальда 131... Олардың атаулары не, қандай жерлерге орналасқан? Оларды тек қана картадан тауып көрсету үшін, географияны жете білу керек. Міне, осы елдердің бәрінен де бейбітшілік жолындағы күрескерлер атынан Москваға көптеген өкілдер келді.

Сендер 500 мың деген цифрдың қанша екенін білесіңдер! Біздің республикамызда мұншалықты адам тұратын бір де-бір қала жоқ. Ал, 6 август күні — Бүкілдүниежүзілік фестиваль қызу өтіп жатқан күні Манеж алаңына 500 мыңдай москвалықтар, делегаттар мен қонақтар жиналып, атом бомбасына қарсы бейбітшілік ұранын көтерді. Мұндайлық көп адам, қуанышты, жарқын жүздер, жарқырай жанған шамшырақтар, прожекторлардың аспандағы сәулелері, әр жердегі ұрандар мен плакаттар, барлық елдер өкілдерінің бейбітшілікті жақтайтынын сездіріп тұр. «Соғысқа жол жоқ!» — деген сөз әр тілде айтылады.

...Жапон қызы Хисако Нагата бір кезде осы сендер сияқты жап-жас, бүлдіршіндей оқушы еді. Бұдан 12 жыл бұрын, 6 августа, ол тұратын қаланың үстінен американ са-



молеті ұшып келіп, атом бомбасын тастады. Бір сәтте бүкіл қала жермен-жермен болды. Талай ата-аналар, қыршындай жас балалар өмірімен қоштасты. Сол қырғыннан аман қалғандардың бірі осы Хисако он жасар сәби қыз болатын.

Енді міне, Хисако өзінің қасындағы құрбысының иығына сүйеніп, бейбітшілік жақтастарының қарсы алдында тұр. Ол әлі де болса атом ауруынан біржола айығып кете алған жоқ, ауруханада жатып үнемі емделіп тұрады.

Кішкентай қыздың тамағы ауырады, сондықтан да оның үні сыбырлай естіледі. Бірақ, дәл қазір оның осы үнін тек бес жүз мың адам ғана тындап тұрған жоқ, оны жер шарының барлық қарапайым адамдары, өз ата-аналары, аға-қарындастарының, балашағаларының бақытты болашағын тілейтін барлық адал ниетті адамдар тындап тұр.

— Соғыс хаупін ойласам, менің тынышым кетеді, ұйқым келмейді. Сондағы бар ойым, бар тілегім, ешуақытта ешкім ешбіреуге атом бомбасын тастамаса екен деймін.

Қыздың бұл сөзін манифестанттар қуаттап кетті.

— Атом бомбасына, жаңа соғысқа жол жоқ! — деді олар бір ауыздан. Бұл айбынды үнді оларға қосылып миллиондаған қарапайым адамдар қайталай айтты.

Осы жиынға келмес бұрын Петрищеводағы Зояның ескерткішіне барып қайтқан мынау бір топ жастар — Қытайдың, Польшаның, Англияның, Мексиканың, Францияның



Суретте: Москва электролампы зауытының жұмысшысы Тамара Кириллованың Шығыс Африка қыздарымен әңгімелесіп тұрған кезі.

жас жігіттері мен қыздары бейбітшілік жолындағы өздерінің берген ант пен серттерінен өмірі айнып кетер ме? Жоқ. Москваның оқушы қызы Зояны фашистер азаптап өлтіргенмен, оның ерлік ісі мәңгі ұмытылар ма? Жоқ. Зоя Космодемьянская, Мәншүк Мәметова, Әлия Молдағұлова, Саша Чекалин, Олег Кошевойлар әлі тірі. Фестиваль күндері олар өз құрбы-достарымен бірге болды. Жастық үшін, бейбітшілік үшін күрескендердің сапында олар мәңгі бірге болмақ.

Фестиваль — қуаныш пен шаттық мейрамы. Онда талай есте қаларлық тамаша кездесулер болды. Біздің республика жастарымен албандық достар кездескенде олар бір-бірін туысқан адамдардай қарсы алды. Екі халықтың тілдерінде ортақ, ұқсас сөздердің бары да байқалды. «Екі», «жақсы» деген сөздерді албандық достар бірден түсінді.

Албан делегациясының атынан сөйлеген Пипи Митроерви өзінің сөзінде:

— Совет халқына деген біздің достық, сүйіспеншілігіміз мәңгілік, ол албан таулары сияқты мәңгі жасайды! — деді. Және де ол:

— Албан жастары Қазақстан жігіттері мен қыздарының ерлік еңбектеріне жете назар аударып отырады. Сіздің республикадан біз өзіміздің болашағымызды көреміз! — деді.

Албан жастарының арасында фестивальға делегат болып колхозшының баласы, 11 жасар Джамали Муса келді. Ол өз елінде бесінші класта үздік оқиды екен. Өзінің омырауы толы значок. Әр елдің ескерткіш белгілері. Міне, оның омырауына тағы да бір значок қадалды. Ол — Қазақстанның фестивальдық белгісі.

Джамали Муса кішкентай күнінен халықтың ән мен би өнеріне талпынса керек. Сол өнерімен ол жұрттың бәрін сүйсіндірді.

Қазақ жастарымен әңгімелескенде, ол:

— Ержетіп оқуды бітірген соң міндетті түрде Қазақстанға барамын, Алматыны көремін, — дейді. — Ал, сіздер біздің елге қазір келіңіздер.

Қазақстандықтардың қытайлық достармен кездесуі де есте қаларлықтай қызықты өтті.

— Бейбітшілік пен достық — аға-қарындастай егіз сөз, — деді осы кездесуде Алма-

Гос. архив  
927078



ты қалалық комсомол комитетінің секретары Суньят Нұрмұхамедов.—Бұл екеуі біздің халықтарымызбен бірге жасап келеді. Біз қытайлық достарды сан рет көрдік те, олармен тілдесіп, пікірлестік те, біразымыз олармен хат та алысып тұрамыз. Қытай шахтерлерінен Қарағандыға оқуға келгендері болды, металлургтері Лениногорскінің атақты кеншілерімен танысты, сондай-ақ, Алматының жоғарғы оқу орындарында да көптеген қытай жастары оқып жүр. Барлық қытай жастарына бізден достық сәлем жолданды. Біз сіздердің ең жақын, ең адал достарыңыз екенін естеріңізден шығармаңыздар!

Осы кездесуде қазақстандықтар тағы да көптеген жаңа адамдармен танысты. Қытайдың әйгілі шахтері Тан Синь-пэн, слесарь Ли Чжо-го ауылшаруашылық кооперативінің мүшесі Ван Бо-цзинмен қазақ жастары сол жерде-ақ достасып кетті. Қытайдан келген кішкентай балалар Чэн Лун-нуды, Сао Дунды, Ван Си-хуаны Қазақстан делегаттарының ешқайсысы енді ұмытпайды. Москваға қытай балалары көп келді. Соның ішінде Пекин хореографиялық училищесінің бір топ оқушы балалары бар. Олар өздерінің қазақстандық достарын да, москвалық достарын да тамаша өнерімен сүйсіндірді. Әсіресе, олардың билеген «Репка» биі өте қызық болды.

Осы кездесуде қытай пионері Пан Сяо-цзо өз достарының атынан Москва және Қазақстан пионерлеріне сәлем жолдады.

Фестивальда әр тілдегі әртүрлі халық болса да, олардың бәріне бірдей ортақ бір сөз болды. Ол — достық пен бейбітшілік. Пушкин алаңында бір топ москвалық қыздар қоп-қою, қара шашты грек қызын қоршап тұра қалды.

— Сенің атың кім?

Грек қызы күліп, біраз ойланып тұрды да, сөзін бөліп-бөліп:

— Тү-сін-бей-мін,— деді орысшылап.

— Атың?.. Сенің атың? Міне, мен — Нинамын,— деді де москвалық қыз қасындағы құрбысын көрсетіп, мынау — Лена, ал, сен? Сенің атың кім?

Қонақ қыз енді ғана түсініп:

— Мен... Мен... Ирина... Ирина,— деп жауап берді.

Грек қызы бұдан кейін тағы да бірденелер айтқысы келіп тұр, бірақ, ойындағы сөзі аузына түспей, ұмытып қалған сияқты. Кенет ол қалтасынан бір кішкентай блокнотын алды да, қарап жіберіп:



Фестивальға қатысушы Қазақстан делегаттары Қызыл алаңда.

— Ирина — грекше бейбітшілік! — деді. Ирина — бетбітшілік деген сөз екен.

Тыңдап тұрғандардың бәрі грек қызын қаумалап, құшақтай алды. Сол сәтте қыздардың бәрі бір дауыспен:

— Ирина — бейбітшілік, достық! Ирина — бейбітшілік, достық! — деп айқайлады.

Москвада, фестиваль күндері аяқ басқан сайын әр көшеден осындай қызық кездесуді көресің. Біз мынадай да бір кездесудің куәсі болдық.

Мандайында «Венгрия» деген жазуы бар автобус тоқтап тұрғанда, оның қасына бір шал мен кемпір жетіп келді. Олар автобус әйнегінен венгер қызын көрген еді. Соғыста қаза болған өздерінің қызынан бір де айнымаса керек. Қарттар тілдесе келе жанағы қыздың орысша сөйлегенін көріп, қатты қуанды.

— Кешір, қарағым,— деді кемпір,— сен біздің қызымызға айнымай ұқсайсың. Сені көргенде біздің қарт жүрегіміз елжіреп кетті.

Сөйтіп, олар біраз әңгімелесті. Венгер қызы өзін, елдегі ата-анасын таныстырып, олардың бүкіл өмірі байларда құлшылық-күншілік азапта өткенін баяндады. Олар қазір де тірі екен. Кооперативке мүше көрінеді. Өздері өте жақсы, күйлі тұрады екен. Олардың да бар тілегі — бейбітшілік көрінеді.

Автобус жүруге айналғанда, шал:

— Туған қызыммен сөйлескендей, бір жасап қалдым,— деп күрсінді.

— Шынында да, қарағым, өзің айтшы, сені біздің қызымыз деп атауымызға бола ма? — деп сұрады қарттар.

— Болады,— деп күлімдеп келісе кетті қыз.— Бірақ, мен алыста тұрамын ғой..

— Оны біз білеміз. Сондықтан, біз саған Венгрияға хат жазуға рұқсат сұрап тұрмыз. Сен еліне барғанда Москвадан біздің тұн-



ғыш хатымыз да жетеді,— деп қоштасты қарттар.

Бұл венгер қызының аты Эржибет Коблов еді.

— Асығыста ол кісілердің аты-жөнін де сұрай алмадым. Енді мен олардан сағына хат күтемін,— деді венгер қызы.

Мұндай қанша адамды туыстастырып, бауырластырды бұл фестиваль! Талай жастар Москвадан ата-ана, аға-іні, апа-қарындас тапты. Олардың ой-тілегі, ниеті бірлесіп, туған адамдай достасып кетті. Москвалықтардың ішінде Индонезиядан келген «маршалмен» танысқан адам оны қалайша ұмытар.

— Мен енді маршалмын! Совет адамдары маған жүз он значок сыйлады,— деп әзіл айтты Хаджи Мухамед Усман.— Мен бұл значоктарды фестиваль ескерткіші ретінде Джакартаға апарып, достарыма сыйлаймын. Ленинің суреті бар мына бір значокты ғана өзім тағамын. Қалғандарын 110 индонезиялық жастар тағады. Совет халқына деген туысқандық, достық, сүйіспеншіліктің белгісі ретінде жүректерінің тұсына қадап жүрсін!

Бүкілдүниежүзілік фестивальда есте қаларлық нәрселер өте көп болды. Шетелдік қонақтар мен достар өз жеріне біздің жерлестеріміз Ермек Серкебаевтың, Роза Бағланованың, Айсұлу Байқадамованың, Қайнекен Әлімбаеваның, Роза Жаманованың, Мақсұтовтың тағы басқаларының шырқай салған сұлу әндерін де өздерімен бірге ала кетті. Қазақ ССР-ның мемлекеттік ән-би ансамблінің, Қазақтың ұлт аспаптар оркестрінің, жекелеген бишілер мен күйшілердің де өнері олардың жадында қалды. Сөйтіп, Бүкілдүниежүзілік фестивальда Қазақстан жастары да өз искусстволарын шеберлікпен танытты. Сендердің ағаларың мен апаларың өзінің туған республикасының намысын аброймен қорғай білді. Фестивальдың бірнеше алтын, күміс, қола медальдары — олардың игі еңбектерінің шын куәсі.

... Москва фестивалінде шахтерлер мен шаруалар да, парламент депутаттары мен студенттер де, қызметшілер мен жазушылар да, суретшілер мен қоғам қайраткерлері де, адам тыныштығы мен бақытын, сәулетті болашағын ойлаған тағы да көптеген талай адал ниетті адамдар кездесті. Олардың ең негізгі мақсат-тілегі соғыс хаупін болдырмау, бейбітшілік, достық туын жоғары ұстау болды.

Әлі де талай жылдар өтер. Дүние жүзі жастары өздерінің тағы да жаңа фестивалі-



Фестивальда жастар неше алуан өнер көрсетті.  
Суреттегі: цирк ойындарының біртүрі.

не жиналар. Ол фестиваль, мүмкін, Пекинде, не Бухаресте, немесе Хельсинкиде, не Парижде өтер. Бірақ, Москва фестивалінің іздері ешуақытта өшпей, ұзақ уақыт есте қалар. Оның мәңгі ескерткіші — дүние жүзі жастарының берік достығы. Бұл достықтың куәсі болып әлі-ақ «Достық Паркі» гүлдейді. Оны Москвада фестиваль делегаттары өз қолдарымен отырғызды. Бұл паркті, балалар, сендердің құрбыларың — москвалық пионерлер күтеді, оны солар қамқорлыққа алады. Енді бір үш-төрт жыл өткен соң Оңтүстік Қазақстанның мақта терушісі Зульфия Исменованың, қытайлық слесарь Ли Го-цзиннің, цейлондық студент Синнадорайдың және басқа мыңдаған жастардың өз қолдарымен отырғызған жас көшеттері гүлдей өсіп, мәңгі жастықтың, достықтың белгісі ретінде көкке өрлеп, жапырақ жаяды.

Фестиваль аяқталды. Бірақ, достық күн сайын нығая түсуде. Бұл күндері Исландияның жас инженері Арнольд Ханибальсенмен Москвада бірге болған адамның бәрі де: «Бүкілдүниежүзілік VI фестиваль — менің өмірімдегі зор оқиға. Сол күндері Москвада жанған жарық сәуле менің жүрегімде мәңгі сөнбес, қайта ол лаулай жанып, менің бейбітшілік және достық жолындағы күресіме қуат береді!» — дер еді.

**В. Ларин,  
Р. Ыдырысов.**

Москва.



# КӨКСЕРЕК

Әңгіме

V

Осыдан соң екеуінің жұбы жазылған жоқ. Қасына серік ергеннен бері Көксерек зорайып, қатты өсті. Аяқтары жуандап, жүндерінің бәрі де қалыңдап ұзарып, өзі жуан, өзі мықты көкжал болып алды. Қыс іші болса да, жоны шығып, алқымы түсіп, семіріп кетті.

Оның есесіне, белгілі аты шулы екі қасқырдан Қараадырдың іші-тысындағы ел түгел көресіні көрді. Даладан — қойшы алдынан қой тартып жейтін, жайылымдағы сиырға шауып, тайыншадан бастап үлкен сиырларға шейін жейтін — осы екеуі. Февраль, март кезінде 3—4 түйе де желінді. «Кісіден қорықпайды. Әсіресе, бір көк шолақ бар, қойды алып соғып жарып жатқанда қасына сойыл салым жерге келгенше қашпайды. Даладағы қойға тигенде, әуелі біреуі келіп шабады. Соған қойшы алданып жүргенде, бір жақтан келіп екіншісі шабады!» — десетін болды.

Боранды, аязды түндерде бірен-саран қораға да түсіп көрді. Бір кедейлеу ауылдың қой қорасына түсіп, он шақты қойын жалғыз Көксерек өзі өлтіріп, құтылып шыққан уақыт та болды.

Бірнеше ауылдың «қасқырмен таласуға жарайды, ер, сақ» деп жүрген әлденеше иттері де желінді.

Жана шірет жасағандай, Қараадырдың қыстауларына кезекпен соқтығады. Бірер күн, бір-екі ауылдың айналасында қатты қимыл қылып жүріп-жүріп, соның артынан бір жұма, он күндей бұл маңайда жоқ болып кетеді.

Оның есесіне, екінші, үшінші ауылдар әлгінің көргенін көріп жатады. Әр ауылдың тұстарында өздерінің көрініс беріп келетін қарауыл жоталары, жылғалап келетін сай өзендер бар. Торуға мезгіл таңдамайды: таңертеңі, түсі, түні — бәрі бір: күніне бір мардымды жем алмай қанағат қылмайды.

Келгенде, ана кезең жақтан, анау шиден, ана қарағанды сайдан келеді десе, сол жерлерден айтқандай шығады. Бұлар айналдырып жүрген елдер малын шашау шығармай, көзден таса қылмай қия бастырмай-ақ сақайған болады. Бірақ, күндіз-түнінің бірінде, не қылса да, бір қалтқысы болмай тағы қоймайды.

Көксерек дәл соған кез келгендей, дап-дайын болады.

Қыс қатты. Қар қалың. Қасқырды қар көтереді. Атты көтере алмайды. Сондықтан, талай рет ат жаратып, шоқпар қамдап қуамын деген жігіттер болса да, ешнәрсе қыла алмайды.

Бір рет қана белгілі бәйге жирен атымен Арыстанбек шығып, сондарына түсіп еді. Оны адырдан адырға салып, адастырып кетті.

Маңайламайтын жерден алыстап мылтық атып, қорқытпақ болғандар да бар еді. Одан да жасқанбады. У салғандардың ұларын да жемейді. Ол ұлардан иттер жеп, қырылып қалған уақыттар да болды.

Мұның бәрі — екі қасқыр жайындағы Қараадыр елінің аңызы, әңгімесі еді. Соңғы бірер айдай бір ауылдың кісісі бір ауылға қатынасса, жиын болып, көпшілік бас қосса, көп әңгімелері екі қасқыр жайында болатын.

Көксерек семіргенде, ірілеп өскенде, осындай даңқ атақ ішінде семіріп өсіп келе жатыр еді.

Осы күйлердің бәрімен қатар Көксерек оңашада, елсізде қатты ойыншы болатын. Түс кезінде, я таңертең бір малды тасада аунатып жеп алып, елсіздегі қашаңдау жатақтарына қайтады. Сондайда ақ қасқыр жүрістен талып келіп тынығып жатса, Көксерек айналасында қар боратады. Жүгіріп екпіндеп кеп тістеп өтеді. Басынан асып аунап түседі. Кейде ақ қасқыр ырылдап, тісін сақылдатып, құлағын жымитып, ашуменен тап береді. Ондайда, Көксерек те қатты қорылдап, гүр-гүр етеді. Кейде, секіріп кеп, ақ қасқырдың желкесінен қапсыра тістеп алып, қысып тұрып-тұрып барып қоя береді. Екеуі осыдан әрі ұзасып барып таласпайды.

Артынан Көксерек қайта ойнайды. Күн жылына бастады. Бірнеше рет шағырмақ жақсы күндер болып, әр жердің қары тесілді. Ойдым-ойдым қара жерлер көріне бастады.

Жылы күн ұйқыны көп келтіреді, тамақтың артынан бойды көп сергітеді, етті шымырлатады. Ақ қасқыр да ойыншы бола бастады. Өзі келіп, Көксеректі иіскелеп жалай беретін болды.

Көк молайып, жаз шыққан соң екі қасқырдан Қараадырдың елі сап болды.

Қараадыр сыртында, елсізде, екі үлкен ащы көл бар. Соның аралығындағы қалың шидің ішінде ескі ін болатын. Көксерек, ақ қасқыр сонда.

Жақын жерде қамыс, одан әрі көл. Хауіпсіз. Адам көзінен алыс сай, бастап келген — ақ қасқыр.

Бұл кезде Көксерек басқа жақтағы елді ториды. Ақ қасқыр ін маңында болады. Қамыс арасында көп құстардың жұмыртқасын жейді.

Бір күні Көксерек інге салып келіп, аузынан көсек-көсек құйрықтарды құсып-құсып тастады. Бірақ, бұрынғы дағды бойынша ақ қасқыр қарсы шығушы еді. Оны істемеді. Көксерек ін аузын тырмалап, шаң боратқан соң ғана сүйретіліп зорға шықты.

Ін ішінен жат иіс сезіп, Көксерек басы мен кеудесін сұғып, «ыр» етіп барып, кішкене күйкі күшікті тістеп, суырып алып шықты.





Бұл бұны тістегенде, ақ қасқыр арсылдап, тап беріп еді.

Көксерек сонда да тоқтамай, көк күшікті жерге жұлқып-жұлқып соғып, қабырғаларын кірт-кірт сындырып, өлтіріп тастады.

Бірақ бір емес, екінші, үшінші, тағы әлденешеуі пайда болды. Аяғында жалады. Күшіктерді жалап, иіскелеп, кейде қастарына да жатады.

Ақ қасқырға жем таситын болды.

Аздан соң серігі қайта қосылды. Көп ұзап шықпайды. Сонда да, талай жерге еретін болды.

Бір күні екеуі бір қозыны жеп келе жатыр еді, індерінің үстінен көп үлкен жаулар кетіп барады екен. Қамыс арасына бұқты. Жау озған соң інге келді. Бір-ақ қана күшік қалған, бұралып тұра алмайды, арт жағын баса алмайды.

Ақ қасқыр тістеп әкеліп қамысқа тықты. Екеуі қайтадан Қараадырға бет қойды. Жарысып, кезек-кезек озысып отырып келіп, даладағы қойға тиді.

Түн баласында құлын жеді, тай жеді.

Тыным алмай баяғы іздерімен, баяғы елді қайта қанқақсатты. Қамыс ішінде жатып күшік өлді. Екеуі барып, көріп қайтты. Бұрынғыдан жаман құтырды.

Ақ қасқыр ойнамайды, қыңсылай береді. Жесе де, семірмейді. Кей уақытта жалғыз қаңғып кетеді. Көксерек артынан іздеп жүріп зорға табады. Кейде, Көксерек қатты жүріп кеткенде, бұл жүрмей, тұрып та қалады. Көксерек қайта айналып келеді.

Кей уақыттар, бір-екі күндер, аш та қалысады.

Бірақ, Қараадыр елі екі қасқырды ұмытқан жоқ. Әлде болса да сол екеуін көре береді. Енді жер кепті. Жазғытұрымғы көкпенен көбең семірген, жел-қуық айғырлар қайта мінілді.

Бір күні зор қуғын болды.

Үш үлкен жау-Қараадырдың ойында тобылғылы шұбардан шығарып алып, екі қасқырды сатырлатып, бастырмалатып қуып берді. Екі айырыла қашты. Ақ қасқырдың желіні түгел қатқан жоқ еді. Бәрі бірдей соның соңына қарай үңілді.

Көксерек еріксіз ойысып келіп, үшеуінің алдына өзі түсті. Екеуі қатар қашты. Беттері Қараадыр еді. Ерікке қоймай, жандай шауып, тауға жібермей қайырып алды. Ақ қасқыр ойға қарай қашты. Көксерек ерегісіп, тауға қарай тартып еді.

Мұны біреуі ғана қуып, екеуі ананың соңынан кетті. Ықтиярсыз айырылып кетті. Артында жерді дүрс-дүрс басқан қатты тұяқтар мұны енді ақ қасқырға қоспады. Сонан соң, бұл адырға кіріп, бір-екі бел асқан соң, қуғыншыны адастырып, құтылып алды. Бірақ серігі жоқ.

Сонымен қуғын күні, түні бойы ақ қасқырдың ізіне түсіп жортып еді, бір төбенің ойына келгенде із де, иіс те бітті. Серігінің иісі жоқ, оның орнына ат, адам иісі мол білінеді. Ағып, ұйып қалған қан көрді. Аз ғана иіскелеп, бір рет жалап та алып дәмін көрді.

Түн бойы көп-көп ұлыды, таң атқанша жер тарпып, шаң боратты, ыңырсыды, аунады. Ай астында өрлі-берлі сенделіп, көп аяңдап жүрді. Қасында көлеңкесі ғана жүр еді.

Тағы да жалғыз жортуылға түсті.

## VI

Жаз бойы жалғыз тіршілік етті. Ащы көлдің солтүстік жағын жайлаған бес-алты ауыл Көксеректен тағы да көресіні көрді. Күндіз келіп көл жағасында, қамыста жатады.



Түн баласында бір ауылдың шуын бір ауылдікіне қосып, бықбырт тигендей қылады. Жаздай жеген қозы, бұзауының саны 50—60-қа жетті.

Екі рет қуғын болды. Бірақ, екеуінде де көлге түсіп кетіп, судың тап ортасына барып, дүңкиіп жатып алады. Саяз сулы, айналасы борбастақ, батпақты ащы көл бұған үлкен қорған болып алды.

Әсіресе, жаңбырды, желді түндерде, ай қараңғыда, ақ жауындарда Көксерек қатты құтырады.

Түнгі ауылдың қорасына шапқан күзетшінің айтағы, иттердің үріп тұрғаны — барлығы да бұған бөгет емес. Кей-кейде, ара түнде жарқ етіп, күрс беріп мылтық та атылады. Дауысынан ғана біраз сескенеді. Азғантай ұзап кетеді де, ел тыныштана бергенде қайта соқтығады.

Жасынан бір күнде екі рет ас жеп ашқарақ болып үйренген Көксерек ауылға жақындап келгенде көзі тұнып, есі шығып кетеді.

Сондықтан, ауылға тақай бере-ақ ағызып ат қояды. Қораны өрт шыққандай, жер сілкінгендей дүрдүр еткізіп келіп, қақ жарып шыққанда, аузына, кем болса, бір-екі батпан құйрық ілінбей қалмайды.

Бұл жазда да Көксерек қатты семіз болды. Әлдеқашан түлеген тақыр жүн күзелген жылқының жалындай қайратты, қатты. Денесінің толуы, бойының биіктеуі, қайратының молаюы биылғы жыл тіпті ерекше болды.

Күздің ұзақ таңында, бір дауылды қара түнде, топ жылқыға араласып еді. Сонда қысырдың семіз, асау тайын бастырмалатып қуып жетіп, құйрығынан алып, табандап тұра қалғанда, тай тапжыла алмады. Аз тыртысып, тартысып тұрып қоя беріп қалғанда, тай екпінімен барып тоңқалаң аса түсті. Сонда ағызып келіп бас салып, алқымынан «гүр» етіп қаба түскенде, тай көтеріп тұра алмай, Көксеректің астында ажал тапты.

Қайтадан қарлы боранды қыс келді. Аязды, елсіз ұзақ далаларда аштық түндері басталды.

Ашумен жер тарпып, қар боратып, көп ұлыды. Бір мезгілде, ай астында ағараң-ағараң еткен көп топты көрді.



Бұрылып, бір жаққа қарай жалтарғанша, тасырлатып, қар боратып, қасына ағызып-ағызып келіп қалыпты.

Бұлар тілдері салақтаған, ауыздары арандай ашылған, жүгіріп келе жатқанда бәрі тегіс ырсы-ырсы етеді. Иістері Көксеректің мұрнын жарды. Қарсы аяңдады... Қалың топтың алдында зор кәрі шолақ мұның жанына арс етіп, желді қауып өтті. Көксерек те, тұмсығы ашуменен ыржиып, тістерін сақ-сақ еткізді. Екеуі қайта беттесіп келгенде, біріне бірі ұмтылмай құр ғана жанасып, қор-қор етіп ырылдасып тұрды.

Артынан жеткен көп ақ қаншықтар Көксеректі айнала иіскеледі. Бір үлкен ақ қасқыр келіп жағын жалады. Бұ да жалады. Бәрімен иіскелесіп алды. Үлкен көк шолақ қана иіскелеп жанасқан жоқ. Бәрі де аунап-аунап, қарды қауып-қауып алысты. Көксерек те соны істеді.

Бұл қосылған топ жаңа ғана отардағы жылқыдан бір тайды жеп келе жатыр еді.

Бірігіп алып, адырға қарай жарысып жөнелісті. Бұл топтың саны он шақты. Әзіргі басшысы — көк шолақ. Қалғандары — қаншық қасқырлар. Үш-төртеуі күшік, оның ішінде бір-екі арланы бар. Бірақ, олар көк шолақ пен Көксеректен қаймығады, көп ойнайды. Үлкендерімен ырылдасып, таласпайды.

Көксеректі қаншық қасқырлар көп жағалайды. Топ ішінде Көксеректен күйлі қасқыр жоқ. Бойға, денеге мұнымен көк шолақ қана таласады. Оның мойны Көксеректен де жуанырақ. Жалғыз-ақ, жотасы ғана бұнікіне ұқсамайды. Мұндай дүңкиген күдір емес, жазандау. Шабысқа артық болса да, алысқа мынандай сенімді сияқты емес.

Құтырынып шапқан мықты, қомағай топтың бетіне ештеңе қарсы тұра алмады.

Боранды күні ығып келе жатқан қойға араласып, бет-бетімен бөліп-бөліп әкетіп, талай қойды жараппа жеп қырып шықты. Көксерек қосылғаннан бергі алғашқы шабуыл осы еді. Тамақты емін-еркін араласқандықтан, әрқайсысы жеке-жеке таласпай, қағыспай жесіп алды.

Қар қауып, аунап-аунап, тағы бірігіп алып ілгері қарай салды. Арттарынан адам келіп айырып алған қойлардың талайы таусылып біткен, талайы жаралы. Әр жерде сирағы, бас жүні шашылып қалған көп жемтіктер көрінеді.

Топтанып келіп жылқыға да шапты. Бірақ, қоңын ойып алған, жағын сыдырып қалған жабағы, тай болмаса, ешбірін жығып алып емін-еркін жей алған жоқ.

Көп жылқыны қуғын салып жегізбеді.

Бір күн, бір түн аштық болды. Далада, сары жотаның басында шуласып ұлып-ұлып алып, күн батыс жақта түтіні шығып қарауытып жатқан ауылға қарай тартып берді.

Ел орынға отырар кезде, ауылға қайтып келе жатқан екі-үш жылқыға келіп араласты. Жылқының екеуі қашып, ауылға жақындап қалды да, біреуін Көксерек омбы қарға қамап кеп, белгілі әдісімен жығып алды. Кішілеу құнаншығар еді.

Бар қасқыр айнала тұра қалып, ашқарақ ауызды қойып-қойып жіберді. Әлдеқашан іші жарылған құнанның буы аспанға шығады. Қан-жын басы-көздерін жауып, жота жүндері үрпиіп, естері шығып асап жатыр.

Көксерек бұрынғы дағдысымен жемтіктің кеудесіне тұмсығын тығып жіберіп, жұлып асап жатыр еді. Желкесінен «ыр» етіп, бір ауыз тістей түсті. Бұл орын көк шолақтың орны болушы еді.

Жемтіктен басын суырып алып, көк шолақтың асылып тұрған аяғынан қатты тістеп алып, үстінен жұлып тастады.

Екеуі де жемтіктен шығып, біраз гүр-гүр етісіп тұрып, қайтадан қызылға ұмтылысты.

Таласа-тармаса жесіп алды. Соңғы бір-ақ сан қалған уақытта, күшік қасқырлар мен қаншықтардың көбі шығып кетіп, екі көк шолақ қана жемтікті жұлмаласып қалды.

Өзгелер бұлар жеп болғанша қарда аунап-аунап алды. Бірталайы төстерін қарға төсеп, күтіп жатыр еді.

Жем бітті. Тағы да адырға қарай тартты, топ алдында екі көк шолақ қатар жортады. Біріне-бірі жол бермейді. Бірінің алдына бірі түссе, тірсектерінен тістеп, ырылдасып қалады.


Азу тісінің бірі сынған көк шолақ ызалы, долы, Гүрілдеп, сыздана береді. Екі күндей аш болысты.

Жылқы бұрынғы жерінде жоқ. Боран болған, қалың қар жауып, іздер де басылып қалған. Елсіз бір жарды жағалап келе жатқанда, кеуегінен шығып қоян қашты.

Жардың екі жағына қақ жарылып бөлініп алып, ұмтылып құды.

Аздан соң қоян жардан шығып, Көксерек жаққа қарай, далаға шыға, адырға беттей қашты. Бұл топтың алдында Көксерек еді. Қоянға жақындап келеді.

Бір кезде, төтеден ағындап, жеке дара болып келіп, көк шолақ ағызды. Қоянға жақындап, қиысып келіп, Көксеректің алдына түсті. Артқы қасқырлар шұбап, алыста қалды.





Адырға кірді. Бірнеше төбелерден өтті. Көксерек кейіндеп қалып еді. Бір ылдида көк шолақ қоянды жұмарлап жатыр екен. Көксерек кеп ауызды қойды. Екеуі жұлқысып тартысқанда, қоянның басы мен кеудесі көк шолақтың аузында кетті. Өзінде қалғанды қапаш-құпаш асап, Көксерек қайта тап берді.

Көк шолақ қоянның басын тастай беріп, арс етіп Көксеректі аяқтан ала түсті. Ойда қар борап, аяқтарының асты аткөпір болды.

Шапшып келіп гүрілдеседі. Тістері бір-біріне сатыр-сатыр тиісіп, қарш-қарш шайнасады. Тікейіп шапшыған бойда ұстасып тұрғанда, Көксерек басын бұрып жіберіп, көк шолақты құлақ-шекеден ала түсті. Жасынан ауыл иттерінен үйренген әдісі еді. Ауыз тиісімен жұлқып бұрап жібергенде, көк шолақ майысып барып астына топ ете түсті.

Жығысымен үстінен басып тұрып, құлақ шекеден ауызды жылжытып келіп алқымға салды. Тамағынан қапсыра қысып буындырып алып, мойын сүйегін қырт-қырт шайнады. Көк шолақтың аузы арандай ашылып, тынысы құрып, тыпырлауға да шамасы келмей қалды.

Сол уақытта артқы қасқырлар топырлап келіп жетіп, көк шолаққа ауыз салысты. Былбырап аққан қызыл қанның иісі, аш қарындарға мас қылғандай белгі берген еді. Шаптан, қолтықтан, жалаңаш төстен мықты өткір тістер жұлқып-жұлқып тартқанда, көк шолақтың қаны жосылып ағып, ішінен бұрқырап бу да шықты.

Бұл арада бар ауыз түгелімен жабылып кетіп еді. Аз уақытта көк шолақтан будыраған жүн ғана қалды.

Қалған топтың жалғыз, даусыз басшысы Көксерек

болды. Іздеп жүріп, отардағы жылқыны тауып алды. Тағы да атышулы тоғыз қасқыр деген даңқы шықты.

Күндіз-түні жылқышы атаулыны күзеттен босандырмай, сонда да дамыл бермей, тай, құнанды жеп тұрды.

Артынан ерген тобы аштық көрген жоқ. Бәрі де жонданып, құтырынып, мықты жүргіш болып алды. Шетінен Көксерекше батыл. Сол не істесе, соны істейді. Ара-тұра жылқыны тастап, маңайдағы ауылдарға да соғып кетеді. Тоғызы араласқан жерде сел қаптағандай, жау тигендей қылады. Ат, сиыр сияқты ірі қаралар бір-ақ жеммен таусылып, жоқ болып қалатын болды.

Бір уақыт керуен жолында да болды. Кешеден бері ас жемей ашыққан, аяздаған уақыт еді. Жалғыз атты шаналы жүргіншіні қамады. Айналасына қар боратады. Біресе жолына барып жатып алады. Жартысы артына, жартысы алдына түсіп, қашпай, жортпай, мезгіл сайын жақындап, аяқ салып отырады.

Есі шыққан керуен аты жүре алмай қалған соң, айқай салып қашып еді. Атты топтарымен жығып салып, талқандап, өлтіріп, талап жесе бастады. Топ осыған араласып жатқанда, Көксерек мұны тастай беріп, қасына бір-екі қаншықты ертіп алып, кісінің артынан қар боратып, бұрқыратып салып еді. Жақындап қалғанда, кісі шошып жығылды. Бірақ, алдарынан айқайлап, сатырлап шапқан аттылар шығып қалып, айырып алды.

Осыдан соң Көксерек қатты долы, ызалы болып сызданып алды. Ырқына көнбеген күшіктерді, жүріске ере алмаған қартаң қаншықтарды кейде бас салып талап та тастайды.

*(Басы өткен санда. Соңы бар.)*

## САБАҢ

*Әңгіме*

Бір күні ертеңгілікте мамам маған 10 сом ақша беріп, өзіміз тұратын көшенің бойындағы дүкенге шай әкелуге жұмсар ма. Мамам маған ақшаны беріп тұрып:

— Бес сомға шай ал да, қалғанын өз керегіңе жарат,— деді.

Мен қуанып кеттім.

Көңілім көтеріңкі, көше бойлап әлгі дүкенге беталып жүріп келемін.

Көңілім әрнәрсеге шабады. 5 сом! Оның үстіне, осындай бір күндері ебі келіп, қалтамның терең түбіне түскен 4 сом ақшам тағы бар. Оны қоссам 9 сом ақша болады. Бұған не алу керек? Шынында, ол ақшаны қалам-қағазға жұмсаудың керегі не, қысқа да болса қарындаш бар. Оны енді бір ұштасам біраз уақыт жазуға жарайды. Ал, суретті жазу дәптеріне де салуға болады ғой. Бір-екі беті жазылған дәптерлердің жаңа беттерін алып, бір дәптер жасаймын да, суретке арнаймын. Мен бұл 9 сомға пистолет аламын. Содан кейін Қанат, Жұ-

маттармен күш сынасамын. Ой, мен ылғи олардың қарулы өктемдіктеріне қарсы тұра алмай, айтқандарына көніп, бағынып келдім. Енді мен де күтпеген жерден оларға шабуыл жасап, қарсы атыссам сонда таныр кім екенімді.

Осы оймен дүкенге келгенімді өзім де сезбей қалыппын. Дүкенде адам көп екен. Он шақты кісіден кейін менің де кезегім келіп, сатушыға 10 сом ақшамды ұсындым. Ол менің ақшамды алды да, жәшік ішіндегі көп ақшаға қосып жіберді. Мен шайды қалтаға салып үлгіргенімше сатушы маған әлгі өзім берген 10 сом ақшамен бірге, тағы біраз қағаз ақшалар ұсынды. Мен ол ақшаны алдым. Бірақ, аларын алсам да, неге екені белгісіз, денем бірден дір ете қалды. Бетім дуылдап отқа қызып кеткендей болды. Мен енді не қыларымды білмей, бұрышқа барып үнсіз тұрдым. Сатушы жаққа жасқанып қарай да алатын емеспін, көзім бұлдырап кетті. Сол жерде қанша уақыт тұрғаным бел-



гісіз, бір кезде жан-жағыма жайлап қарап едім, маған төнген көздерді көре алмадым. Сәлден кейін жүрегімнің қатты соғуы бәсеңдеп, денем сергіген сияқты болды. Мен енді бойымды билеп, дүкеннен тез шығып кеттім.

Бірақ, дүкенші Сара апай аяғымды басқан сайын көз алдыма елестеп, тап қарсы алдымнан шығатындай, қасымнан кес-кестеп кетер емес. Оның дөңгелек, отты, үлкен кара көздері маған оқтай қадалып, сабырлы кейіппен:

— Әй, Әмір! Маған неге қиянат істедің, — дегендей болды да тұрды.

Үрейлі қорқыныштың әлегімен осылай арпалысып, үйге келдім. Бірақ, үйде шыдап отыра алмадым. «Ұят, масқара! Неге қайтып бермедің ақшасын, қалай батылың барды Сара апайдың ақшасын алуға» — деп терезеден біреу қарап тұрғандай болды. Үйге бір кіріп, бір шығамын. Менің бұл халімді үйдегілердің ешқайсысы сезбеген сияқты. Бірақ, өзімнен өзім сезіктеніп мазасызданамын. Әлгінде ғана жүрегімде лаулаған қуаныш оты лезде су сепкендей сөніп, зілдей көңілсіздік бойымды басып барады. Оқтын-оқтын терезеден тысқа қараймын.

Ие, бүгін стадионда мектепаралық футбол ойыны болатын. Қанат, Жұматтармен сонда кездесуім керек еді. Қазір олар стадионда. Менше... Мен неге отырмын. Кеттім! Орыннан ұшып тұрып, есікке беттей бергенімде:

— Токта! — деген біреудің даусы естілгендей болды.

Желкемнен күшті бір қол қатты басып кейін тартқандай орныма еріксіз қайта отырдым.

Жалған елес жағамнан алып, мұқатқандай.

Әлден уақыттан кейін тура біздің үйге келе жатқан Сара апайды терезеден көргенімде, қайда тығыларымды білмей, қатты састым. «Мүмкін ол ақшаны маған әдейі сынау үшін берген болуы керек» — деген ой келді басыма. Стол үстіндегі қолыма түскен бір кітапқа үнсіз үңіліп, төмен қарап отыра бердім.

Сара апай үйге кірді де, мамаммен ұзақ сөйлесті. Оның әжімденген жұқа, сарғыш бетінен аздаған ренжудің белгісі байқалады. Мен ол кісіні аяп кеттім. Сөз арасында Сара апай:

— Аз да болса мемлекет ақшасы, әңгіме оның көп-аздығында емес қой, бұған біздің кейбір адамдарымыз қалай түсінеді десеңізші... Сатушы қателесіп, алушыға артық ақ-



ша берді дейік, оны қайтып беру керек емес пе, — дейді.

— Әрине, қайтып беру керек, сауда қызметкерлерінің халық алдындағы үлкен жауапкершілігін түсінетін әрбір азамат солай істеу керек, — дейді оның сөзін қоштап мамам.

— Бермей кету әділетсіздік, ол — ұрының ісі, — деп түйді Сара апай өз ойын.

Демек, онда мен де ұрымын ғой. Не деген жиренішті сөз еді. Құлағым шыңылдап, денем тағы да мұздап кетті.

— Жоқ! Мен ұры емеспін, — деп айқайлап жібергенімді өзім де білмей қалдым. Көзім толы жас. Анамның алдында ауыр жаза күтіп, қалшыып тұрмын. Маған суық жүзбен үнсіз қарап алып:

— Бұндай істің алды-арты осы болсын. Бұл сенің өміріңе ұмытылмас сабақ, — деген мамамның сөзі жүрегімді тіліп-тіліп жібергендей болды.

Менің аузыма сөз түскен жоқ. Бойымды суық алғандай қалшылдап, ақшаны қалтамнан әрең алдым да, стол үстіне қойдым. Міне, бұл уақиғаның болғанына бірнеше жыл өтті. Бірақ, со бір қылығым еске түскенде әлі де еріксіз қысыламын.

**Б. Мүлкібаев.**

Кентау қаласы.



# Үлкен бөккен

Өзенге құлдилағандардың алдыңғы сылтып келе жатқаны қорым тастың ортасында кілт сүрініп, еңсесін әрең ұстап қалды. Екеуі де әбден арып шаршаған, жүздерінен де ұзақ тартқан тақсыреттердің сызы білінеді. Қайыспен шандып тастаған зіл ауыр бума иықтарын кере тартады. Әрқайсысының қолында мылтық. Екеуі де басын салбыратып көзін сүзген қалпында бұқшия басып келеді.

— Тығулы патрондарымыздың, тым құрығанда, қазір екеуі қолда болса да қандай жақсы еді,— деді бірі.

Оның үні мәнерсіз, бей-берекет сылбыр шықты. Ол мұны парықсыз айта салды да, тасқа соғылып көбік шашқан бозғылт суға, енді ғана аяқ басқан оның жолдасы, оған түк те жауап қайтармады.

Екіншісі де біріншісінің ізінше өзенге түсті. Су мұздай суық болса да, олар етіктерін шешпеді, судың суықтығы сондай, тіпті бақайларының жаны кетіп сіресіп қалды. Кейбір жерлерде су тізеден үйіргенде, екеуі де қарманар тірек жоқ, табаны тайып құр теңселе өршеленумен болды.

Екінші жолаушының аяғы малтатастан мұлт тайып, жан даусы шыға еңсеріліп барып, әрең дегенде, ауырықсынған аяғын демеп қалды. Оның басы айналып кеткен болуы керек, нақ бір аспанға айбат шеккендей, бос қолын ербең еткізіп шалқақтап барып тоқтады. Бойын билегеннен кейін ілгері аттады, бірақ тағы да кілт құлап кете жаздады. Бұдан соң ол тоқтады да, өзінің жүргінші жолдасына қарады: жолдасы бұрынғы қалпынша, тіпті артына қарамас-тан тартып барады.

Ол тастай түйіле, ойға шомған жандай, тапжылмастан дырдай бір минут тұрып, сонан соң:

— Билл, әй, Билл, менің тобығым тайып кетті!— деп айқай салды.

Билл сүттей бозғылт суды кешіп алыстай берді. Ол бір мәртебе де артына қараған жоқ. Екінші жолаушы оның артынан қараумен тұр. Ол бұрынғысынша сазарғанымен, көзінен бейне бір оқ тиген бұғыдай, үрей ұшқындайды.

Билл бұл шақта қарсы жағаға шығып әрі ілбіген. Өзен ортасында тұрған жан қадаған көзін онан аудармайды. Оның еріні тынымсыз жыбыр-жыбыр еткен сайын қайратты жирен мұрт ербең қағады. Ол кезерген ернін тілінің ұшымен бір жалап қойды.

— Билл! — деп айқайлады тағы да.

Бұл — пәлеге тап болған адамның аузынан шыққан жандауыс. Бірақ, Билл оған мойын да бұрған жоқ. Ирелеңдеп сұлап жатқан жотаның құлаберісін қиялай, бір сүрініп, бір жығылып ебетейсіз өрлеп бара жатқанын оның жолдасы ұзақ, телміре қарап тұр. Билл жотаның қырынан әрі асып жоқ болғанша көз айырмай ол қарады да тұрды. Сонан кейін барып бері бұрылды да, Билл кеткеннен кейін, өзі жа-

падан-жалғыз қалған әлемді айнала баяу көзімен шолып өтті.

Жотаның үстіне басыр боп бөккен меңіреу түпсіз тұманның ту түпкірінен күннің шапақсыз қызылы талмаурап көрінеді. Өзінің бар салмағын сау аяғына салып, жолаушы қалтасынан сағатын алды. Сағат төрт боп қалған. Соңғы екі апта шамасында ол есептен де алғасқан. Июльдің аяқ немесе августың бас шені болғандықтан, бұл мезетте күннің көзі солтүстік-батыс жақта болуға тиіс екенін ол білетін. Сонау түнерген жоталардың аржағында, бір жерлерде Үлкен Аюлы көлі жатқан болуы керек және сол бағытта Канада жазығын басып Поляр шенберінің қырсықты жолы өтеді деген болжалмен, ол оңтүстікке көз жіберді. Ол ортасында тұрған өзен — Коппермайн өзенінің саласы еді, ал Коппермайн өзенінің өзі де солтүстікке ағып, Тәж шығанағына, Солтүстік мұз мұхитына құятын. Оның өзі бұл жерде ғұмырына болып көрген емес, тек ол жерлерді бағызы бір кезде Гудзон Компаниясы шығанағы картасынан көргені бар-ды.

Ол енді өзі жападан-жалғыз қалған әлемді көз қырымен тағы да бір шолып өтті. Көрініс көзге сұрқай. Жатаған жоталардың қырлары, жалаң ирелеңдеп, көкжиекті кенерлейді. Орман да, бұта да, тұлдыр да, ұшы-қиырсыз, қорқыт құлазыған даладан өзге түк жоқ, міне, мұны көріп оның көзінен үрей ұшқындады.

— Билл! — деп күбірлеп ол, тағы да, — Билл! — деп қайталады.

Ұшы-қиырсыз қу даланың зіл қара күші, жымжырт тыныштығы жанын жеп бара жатқан ол лай судың үстіне шөкесінен отыра кетті. Безгегі ұстағандай қалшылдап кеткенде, мылтығы шолп етіп суға түсті. Бұл оның есін жинауына түрткі болды. Үрейді жеңіп, бойына жігер жинады да, қолын суға сұғып жіберіп мылтығын қармалап іздестірді, сонан соң ауру аяғына салмақты аз түсіру үшін арқадағы бума-сын сол иығына таман жылжытты, сонан кейін барып аяғын ауырықсына, ептеп, ақырын жағаға жүрді.

Ол кідірмей жүрді. Ауруды елеместен, тістене құшырланып қырынан Билл асып түскен жотаға асыға көтеріліп келеді, енді мұның өзі аяғын әрең сүйреп басқан ақсақ Биллден де бетер ебетейсіз, нұсқынсыз боп көрінді. Қырға шыққанда ол шағын өңірде ешкімнің жоғын көрді. Хауіп оның декбірін тағы алды, бірақ ол оны тағы да серпіп тастап, арқадағы жүкті бұрынғыдан да әрірек, сол иыққа таман жылжытты да, ақсаңдай басып ылдилай жөнелді. Өңірдің орта шені дымқыл екен, суды бойына тартқан қалың мүк шылп-шылп етеді. Аттаған сайын су аяқ астынан сығылып шығады да, етік табаны малынған мүктен сырғанай сылпылдайды. Биллдің ізін қуа жүруге тырысқан жолаушы мүктін ортасында аралша шоқтан-



ған тастардың үстімен шалшықтан-шалшыққа ауысып жатты.

Жалғыз қалған ол жолдан жазған жоқ. Енді көп қалмағанын, сөйтіп жергілікті халықтың тілінде «Жіңішке Таяқ Елі» деп мезгелетін, жатаған да жіңішке шыршалар мен май қарағайлар қоршаған шағын Титчинничили көлінің маңытына келіп жетерін ол білген. Бұл көлге сай суы құятын болғандықтан оның суы да лай емес. Сайдың жағасына құрақ өседі — ол оның есінде жақсы сақталған — бірақ, онда ағаш жоқ, сондықтан ол сайды жоғары өрлеп отырып нақ суайрыққа шекті бармақ. Суайрықтан батысқа қарай ағатын басқа сай басталады, ол сонымен төмен ылдилап Диз өзеніне жетеді де, сол жерден үюлі тастың арасында төңкерулі қайықшаның астында тығулы жатқан өзінің көмбесін таппақ.

Көмбеде патрондар, қармақтар, қармақтың баулары және кішкене ау тығулы — осының бәрі оған тамақ табу, үнем айыру үшін керек. Онда тағы азғантай ғана ұн, кішкене төстік, бұршақ та бар.

Билл оны сол жерде күтеді, сөйтіп бұл екеуі Диз өзенінің бойымен төмен түсіп Үлкен Аюлы көлге шейін барады да, онан қайықпен ар жаққа шығып, оңтүстікке не тура солтүстікке — сонау Маккензи өзеніне жеткен шекті кете береді. Оңтүстікке, иә тура оңтүстікке тартады, ал қыс болса, бұларды өкшелей қуады да отырады, ол ағып жатқан өзендердің бетін де көкше мұзбен жаппақ, күндер де суыта бермек, сондықтан оңтүстікке, аспандаған жуан ағаштар өсетін, азық дегеннің көл-көсір Гудзон шығанағындағы шонжарлар күзегі сияқты, бір жерге жету керек.



Жолаушының сүйретіле ілгері басқандағы ойлайтыны, міне, осы. Бірақ, жүру оған қаншама қиын болғанымен, Билл өзін айдалаға қалдырып кетпеді деп, және, әлбетте, Билл көмбеде күтеді деп оның өзін-өзі сендіруі мұнан да бетер қиын еді. Ол осылай ойлауға тиіс, әйтпегенде, онан әрі азаптануда ешқандай мән жоқ, болмағанда жер құшып тегі өлу ғана қалды. Сонымен күннің көмескі қызыл шарасы солтүстік-батысқа баяулап барып шөккенше, ол қылышын сүйреп келе жатқан қыстан қашып оңтүстікке барар сапарында Билл екеуінің жүрер жолындағы әрбір адымын, бір емес, бірнеше рет есептеп те үлгірді. Ол өзінің көмбедегі азықтарының запасын

және Гудзон Компаниясы шығанағының складындағы азықтар запасын да ойша, әлденеше мәртебе есептеп шықты. Оның түк татпағанына екі күн болып қалды, онан бұрын да жарып ештеңе ішпеген ол. Кезі келгенде ғана әзер бүгіліп, батпақтағы сүреңсіз жиделерді үзіп аузына салады, оны шайнап-шайнап барып жұтады. Бұл жиделер — кілкілдеген су, ауызда тез ериді, сонда тілде қалары — олардың ащы, қатты шопақтары ғана. Бұлардың үнем болмасын ол әбден біледі, сонда да мылжалап шайнай береді, шайнай береді, өйткені ауыздағы көрмек дәм үмітті жирентер емес.

Сағат тоғызда ол үлкен бақайын тасқа соғып жаракаттап, әлсіздіктен, арығандықтан теңселе барып жалп етті. Ол тырп етпестен жамбастап бір қыдыру ұзақ жатты, сонан соң шандулы қайыстарынан босалып әрең көтерілді де отырды. Әлі ымырт жабыла қоймаған, кешкі бұлдыр жарықта тастардың араларынан тырмалап жүріп бірнеше қасым құрғақ мүк жинады. Мүкке етегі толғаннан кейін оны әкеліп от жақты, от түтіні будақтай маздап жанған соң, оның үстіне су толтырып котелогін қойды.

Ол арқалап келе жатқан бума жүгін шешті де, бәрінен бұрын қанша сіріңкесі барын есептеді. Сіріңкенің алпыс жеті шиі бар екен. Қателеспеу үшін, ол мұны үш мәртебе қайталап санап шықты. Ол оны үшке бөліп, әр бөлікті пергамент қағазына орады, бір ораған бөлігін бос қалтасына салды, екінші бөлігін тозған бөркінің астарына, ал үшінші бөлігін қойнына салды. Осының бәрін істеп болғаннан кейін, кенет оның бойы мұздап кетті: үш бөлік орауды да ашып, қайтадан санап шықты. Ши бұрынғысынша алпыс жеті.

Су етігін отқа кептіріп алды. Етіктің борша-боршасы шығыпты, одеядан тігілген шұлық шұрықтесік болып аяғының қанын шығара қажарған. Тобығы қатты ауырады, сол себепті, ол тобығына қарап отыр: ол нақ тізесіндей жұп-жуан күп боп ісіп кеткен. Ол бір одеяды ұзынынан жырттып, ұзын бөлегімен тобығын мықтап танды, қалған бөлегін бірнеше жырым-жырым шұлғау ғып, етік шұлық орнына аяғын сымдап орап тастады. Осыдан соң қайнатқан суын ішіп, сағатын бұрады да, одеяды жамылып жатып қалды.

Ол тұяқ серіппестен қатып ұйықтады. Түн ортасына шекті бұлт торлап қарауытқан еді, бірақ ол ұзаққа бармады. Күн солтүстік-шығыстан шықты, дәлірек айтқанда, сол жақтан бозара бастады, өйткені күннің көзін қорғасын сұр бұлт торлаған-ды.

Ол шалқасынан жатқан күйінде, сағат алтыда ояныды. Сұр аспанды көріп, аш екенін сезді. Бір жамбастап, шынтағына сүйеніп еңсесін көтерді де, қатты пысқырынып қалған дыбысқа елең етті. Сонда көзіне одырая таңырқап қарап тұрған дәу бұғы түсті. Бұғы онан, ең әрі дегенде, елу қадамдай жерде тұрды, міне мұнан оның мұрнына табада шыжылдап жатқан бұғы қуырдағының иісі келді. Ол еріксіз шап беріп оқталмаған мылтықпен көздеді де, серіппені тартып қалды. Бұғы да жалт беріп тұяғымен тасты тасырлата зытып берді.

Былш еткізіп бір сыбап, мылтықты лақтырып жіберді де, ыңырана тұруға тырысты. Ол бірден ұшып тұра алмай, әрең дегенде созаландап барып көтерілді. Оның буыны сіресіп қалған сияқты, әр бүккен сайын немесе жазған сайын құлында құлыны шығады. Оған ақырында, әрең деп орнынан тұрғаннан кейін де, адам сияқты бойын түзеп тік тұру үшін бүтіндей бір минут уақыт керек болды.

Ол бір төбешікке көтеріліп, маңайға айнала көз жіберді. Айналада не бір ағаш, не бір бұта көрінбейді, тек ұшы-қиырсыз сұр мүктен, олардың ішінен оқта-текте көзге шалынатын сұр тастардан, сұрқай



нін зеңіп, ол ұқпай да қойды. Жидектер сыздар сұқ-сұр. Күннің не шашыраған сәулесі, не сызат берген көзі болсайшы! Оның солтүстік қайсы жақта екені жадынан шығып қалған, және кеше қайсы жақтан келгенін де ұмытыпты. Бірақ, ол жолдан жазған жоқ. Мұны ол біледі. Жуырда Жіңішке Таяқ Еліне барып жетеді. Ол оның осы мына сол жақ тұсында, мүмкін энеу бір керттеш жонның сыртында болар, әйтеуір, мұнан қашықта емес екенін біледі.

Ол өзінің жүгін жолға лайықтап буу үшін қайтып оралды, сіріңке салған үш бөлік бумасы бүтін бе екен деп тексерді, бірақ олардың әрқайсысын жеке-леп санаған жоқ. Алайда ол сықап толтырылған бұғы терісі қалтаға түйткілсіп едәуір тұрды. Қалта онша үлкен емес, алақанға да снып кетерліктей болғанымен, салмағы — он бес қадақ. Мұның өзі барлық қалған жүктің салмағына бара-бар — міне оның қышығына тиіп тұрған осы бір нәрсе. Ақыры, ол қалтаны бір жағына қойды да жүгін орай бастады. Сонан соң қалтаға шұқшия, өзіне жұлқып алды да, нақ бір қу дала қолындағы алтынын тартып алғалы тұрғандай айналаға үрейлене жалтақ-жалтақ қарады. Сөйтіп, көтеріліп, аяғын демей, ілгері жөнелгенде, қалта арқасындағы жүктің ішінде жатты.

Ол солға ойысты да, анда-санда бір тоқтап, иіліп батпақтан жидек жұлып кете барды. Күп іскен аяқ сіресіп түк сезуден қалды, енді қатты ақсай бастады, бірақ, қуырыла жалаңдаған іштің ауруына қарағанда бұл ауру түкке тұрмайды. Аштық жалап шыдатпай барады. Жанын жеген ауру оны азаптай берді, азаптай берді, ақыры Жіңішке Таяқ Еліне барып жету үшін, қай жаққа қарай жүру керек екенін зеңіп, ол ұқпай да қойды. Жидектер сыздап сұқ-қылаған ауруды басар емес, қайта тіл мен таңдайды дуылдата түседі.

Бір шағын шалшыққа жуықтағанда томарлар мен тастардың араларынан, қанаттарын сабалай, кр-кр-кр деп қиқулай ақ шілдер оған қарсы көтерілді. Бұларға ол тас атып еді, тимей кетті. Сонан кейін жүгін жерге қойып, торғай аңдыған мысықша, шілдерге бұқпантайлап жақындай бастады. Тастың үшкір бұрыштары штанын пәрелеп барады, тізелері айғыз-айғыз, қып-қызыл шақа, бірақ ол оның ауырғанын сезбейді, аштық ауруды тындатпайды. Ол шылқылдаған мүктің бетімен еңбектеп келеді, киімі малынып су боп дене мұздады, бірақ бұл ештеңені сезбейді, себебі аштық оның ішін жалап қуырып барады. Ал, ақ шілдер оның ол жағынан да, бұл жағынан да пыр етіп ұша жөнелді, сөйтіп ақырында, олардың «кр», «крі» оған өзін мазақ еткен сияқты көрінді, сонан соң ол шілдерді келістіріп бір сыбады да, өз дегенін өздеріне қайталап мазақтай бастады. Бір жолы ол шілдің бірін басып та кете жаздады, шіл ұйықтап жатқанға ұқсайды. Ол оны өзінің тас арасындағы жасырын ұясынан пыр етіп кеп тура бетіне соғылғанша көрген жоқ. Шіл қаншама тез пыр еткенімен, ол оны сонша суыт қармап үлгерді, бірақ не пайда, қатты қысқан уыста тек құйрықтың үш тал қауырсыны-ақ қалды. Көз алдынан аулақтап бара жатқан шілге қарап тұрып, тап бір өзін қан-қақсатып кеткендей-ақ, мейлінше жек көріп қалды. Сонан кейін ол өзінің жүгіне қайтып келіп, оны арқасына бір-ақ ұрды.

Шаршы түс кезінде ол құстары көбірек бір шалшыққа барып жетті. Нақ бір оны мазақтағандай бір топ — жиырма қаралы бұғы қақ жанынан — мылтықпен атып аларлық жерден өтті. Оның дел-бесі қозып, қуып бергісі келді, онда бұғыларды қуып жетемін деген емеску болды. Тұра жүгірген оған аузында қапсыра тістеген шілі бар, қара қылшық түлкі, қарсы ұшырасты. Ол бұған ақырып жіберді. Қатты ақырғаны сонша, түлкі қорыққанынан оршып кеп

түсті, бірақ ол сонда да аузындағы олжасын тастап жібермеді.

Кешке қарай ол суы әкпен бозғылданған, жағасында селдір қамысы бар сайды жағалап келе жатты. Қамыстың түбіне тақап қос қолымен қатты жұлқып қалғанда, жуандығы көршегедей, пиязға ұқсас бірдеңе суырылып шыға келді. Пияз тәрізді тамыр жұмсақ боп шықты да, күрт-күрт шайнаған сайын тәбеті тарта бастады. Бірақ борық тамыр жиде сияқты. Құр су боп қорек болмады. Ол арқасындағы жүгін тастай беріп, төрт аяқтап, нағыз күйіс қайыратын айуандарша, шырт-шырт, сылп-сылп еткізіп тамырды соғып жүр.

Ол әбден шаршады, жерге жата қалып ұйықтағысы да келеді, бірақ Жіңішке Таяқ Еліне жету тілегі, оның үстіне, ішті әлеп-жалаған аштық онан бетер тыныштық бермейді. Ол шалшықтан көлбақа іздейді, соншалық қиырдағы солтүстікте бақа да, күрт та болмасын біле тұра, күрт таппақ боп қолымен жерді қазғылайды.

Ол әр шұқанаққа тіміскілей үңіліп жүр, міне, ақырында ымырт жабыла сондай шұқанақтың бірінен бір күлшабақ көріп қалды. Ол оң қолын жалмажан суға нығына шейін сұғып та жіберді, бірақ балық жылп етіп жоқ болды. Онан соң екі қолымен бірдей қармай бастады да, барлық лайды араластырып жіберді. Сасқалақтап шалқалды да, бойын билей алмай шұғыл еңкейіп қалғанда, алдындағы шалшыққа күмп беріп, белуарына шейін су болды. Оның суды қойыртпақтап лайлағаны сонша, тіпті балықты көруге дә болмай қалды, сондықтан оның лай тұнғанша күтіп отыруына тура келді.

Ол тағы да қармай бастады да, су әбден лайланып кеткенше іздеуін тоқтатпады. Судың тұнуын күтуге енді оның төзімі жетпеді. Буыншақтан қаңылтыр шелекшені шешіп ала сап, суды сонымен апыл-құпыл төге бастады. Әуелі ол суды құшырлана төгіп үсті-басын малшынтты. Ал, су жақынға төгіліп, шұқырға кері құйылумен болды. Сонан соң ол, жүрегі аттай тулап, қолы қатты дірілдесе де, сабыр сақтауға тырысып, суды абайлап төгетін болды. Жарты сағаттан кейін шұқырда жөнді су да қалған жоқ. Оның түбіндегі аз қалдық шелекке де ілікпейді. Балық та зым-зия жоқ. Ол тастардың арасынан бір саңылаулар көріп қалды, балық осы саңылаулар арқылы көрші шұқырға зытып берген. Бұл шұқанақ үлкен, оның суын бір тәулік бойы да төгіп тауысар емес. Егер ол осы саңылауды ертерек көрген болса, онда оны таспен түү бастан бекітіп тастар еді де, балық оған бұйырар еді.

Зығрданы қайнаған ол су жерге былш етіп отыра кетті де, өкіріп қоя берді. Әуелі оның булығып даусы ақырын шықса, бара-бара өзін айнала қоршаған меніреу даланы жаңғырта күңірене сұңқылдады, сөйтіп, көзінің жасы таусылса да өксігін баса алмай, ұзақ еңіреумен отырды.

Ол от тұтатты да, қайнаған су ішіп бойын жылытты. Сонан соң, өткен түндегіше, тастақ дөңеске түнеп шығуға жайласты. Ұйықтар алдында сіріңкелерінің суланбағанын тексеріп сағатын бұрады. Одеядар — дым, қолға суық тиді. Аяғы оттай күйіп, жанып барады. Сонда оның сезінері — аштық, сол себепті оның түсіне түнде той, кел, кел деп тұрған астар, неше алуан асқа толы столдар кірді.

Ол — ауру, қалтырап тоңып оянды. Күн көріп бейді. Жердің де, аспанның да сұрқай түсі түнере буалдырлана түскен. Ысқаяқ жел тұрып, алғашқы қар жотаны ағартып тастаған. Ол от жағып су қайнатқанша ауа қоюланып түнере түскенге ұқсады. Бұл — жапалақ-жапалақ жауған ыбылыс қар еді. Ол жерге жете бере еріп жатты, сонда да жапалақ қар



жердің бетін бүркеуін үдете берді, үдете берді, сөйтіп ақыр аяғында, бар жинаулы мүгі су болып, оты сөнді де қалды.

Бұл оның жүгін тағы да арқасына салып, беті ауған жаққа ілгері тартуына қағылған дабыл болды. Ол енді Жіңішке Таяқ Елі туралы да, Билл туралы да, Диз өзенінің бойындағы көмбе туралы да ойлаған жоқ. Оның көкейін тесетін тек тамақ қана! Оның аштықтан есі ауыса бастады. Оған қалай жүрсе де бәрі бір, әйтеуір, жүрер жері тегіс болса жарады. Ыбылыс ақша қардың астынан ол қолымен барлап жидек іздейді, қамыстың тамырын суырып алып жейді. Мұның бәрі дәмсіз, қорек болмайды. Оған бұдан әрі ауызға дәмі қышқыл бір шөп кездесті, ол тапқанынша мұны да жеп қойды, бірақ бұл тым аз еді, өйткені ол шөп жерге жабыса біткен, сондықтан оны қардың астынан тауып алу оңай емес.

Бұл түні оның жағар отыны да, ыстық суы да болмады, міне сондықтан ол одеялын жамылды да аштықтың қайғысымен ұйқыға кетті. Жауған қар суық қара жаңбырға айналды. Бетіне суық жаңбыр сабалаған ол тітіркене оянып кетті. Күн көзі жоқ,



түнерген сұрғылт күндіз басталды. Жаңбыр тоқтады. Енді жолаушының аштығының да әлеп-жалауы бәсеңдегендей сияқты. Іштің біржосын бұрап ауыруы ғана қалды, бірақ ол оның жанына онша қатты бата қойған жоқ. Оның ойы қайта сергіді де, тағы Жіңішке Таяқ Елі, өзінің Диз өзені, көмбесі туралы ойға кетті.

Ол бір одеялдың қалдығын борша-борша жырттып, қаны шығып қажалған аяғын орады, сонан кейін тобығы тайған ауру аяғын танды, сөйтті де күндізгі жорыққа дайындалды. Жүкті көтеруге келгенде, ол бұғы терісінен жасалған қалтаға қарап ұзақ тұрды, ақыры не керек оны да қысып алды. Жаңбыр қарды ерітіп, тек қыр бастарында ғана ақ көрпе қалды. Жалт етіп күн де бір жақтан сығалады, мұнан кейін, жолдан жазғанын білсе де, жолаушының дүниенің төрт қыбыласын анықтауына мүмкіндік болды. Тәрізі, ол соңғы күндері зеңіп адасумен жүріп, солға көп ойысып кеткенге ұқсайды. Тура жолға түсу үшін енді оңға шұғыл бұрылды.

Ішті жалаған аштық тынышталды, бірақ ол өзінің әлі құрығанын сезінеді. Оған әлсін-әлсін тоқтап демалуға, батпақтан жидек теруге, қамыстың тамырын жұлуға тура келді. Оның тілі ісіп, құрғап кетті де, нақ жүн шайнағандай, аузы ап-ащы шуаш татып кетті. Ал, көбінесе, оның дымын құртқан жүрегі. Бірнеше минут жүрісімен-ақ ол аттай тулайтын болды, сонан кейін өреки бұлқынып азаптата ауызға тығылып, тынысын тарылтатын, басын айналдырып, тіпті көзін қарауытып құлатуға шейін апаратын болды.

Сәске түс кезінде ол үлкен шалшықтан екі құлшабақ көрді. Оның суын шелекпен төгіп тастау мүмкін емес-ті, ол енді сабыр тоқтатып бұларды қаңылтыр шелекпен ұстауға қуланды. Бұлардың ұзындығы шынашақтай ғана, жегісі де онша келіп, тұрған жоқ. Іштің ашығып ауруы да барған сайын бәсеңдеп, мызғыған сияқты сезіледі. Ол ұстаған құлшабақты шикі күйінде, құшырлана, әбден мылжалап жағы талғанша шайнап жұтты. Оның тәбеті тартып тұрған жоқ, бірақ тірі қалу үшін осылай істеу керекті есінде.

Кешқұрым ол тағы үш құлшабақ ұстады, ол мұның екеуін жеп, үшіншісін ертең ертеңгілік үнемге қалдырды. Күннің көзі сирек ұшырасқан мүктерді кептіре бастады да, ол от жағып, су қайнатып ішіп бойын жылтты. Бұл күні ол он милден артық жол жүре алмады, ал келесі күні, тек жүрегі тынышталған кездерде ғана қозғалып, онда да бес милден артық жүрген жоқ. Бірақ әйтеуір, енді оның қарны бұрап мазалауды қойды, бір жола ұйқыға кеткенге ұқсайды. Бұл отырған жері оған енді битаныс, бұғылар жиі ұшырасады, қасқырлар да сондай. Олардың шулап ұлығаны оның құлағына, көбінесе, құлазыған алыс жазықтан келетін. Бірақ, бір мәртебе ол бұқпантайлап, өзінің жолын кесіп өтіп бара жатқан үш бөріні көріп қалды.

Тағы бір түн өткеннен кейін, ертемен есін жиған ол, тері қалтаны байлап тастаған қайысты шешті. Сол-ақ екен, қалтадан сап-сары самородтар мен сары алтын бұршақтар ақтарылып түсті. Алтынды ол екіге бөлді, бірінші бөлегін алыстан көзге түсетін жақбар тастың ішіне одеялға орап тықты, ал екінші бөлегін қалтаға қайта салды. Ол өзінің ақырғы одеялын да жырттып-жырттып орау қылды. Бірақ, ол мылтығын әлі қалдырған жоқ, өйткені Диз өзеніндегі көмбеде оқтар бар-ды.

Күн тұман боп басталды. Бұл күні оның ішінен аштық қайта жалаңдады. Жолаушының әлі әбден құрыған, сонан ба, басы қатты айналып ауық-ауық көзі қарауытталы да, түк көре алмай дағдарып тұрып қалады. Енді ол басалдырмай сүріне құлай беретін болды, сөйтіп келе жатып, бір мезетте ол, тұра шілдің ұясына құлап түсті. Онда жұмыртқаны жарып шыққанына әлі бір күн өтпеген, төрт қызылшақа жатыр екен, әрқайсысы бір-бір-ақ қылғырлық, міне осыларды ол оба аузына тірідей тығып-тығып жіберді. Шақалардың шеміршектері оның тісінде жұмыртқаның қабығынша, пышыр-пышыр етеді. Ана шіл безек қағып оны шыр айналады. Ол оны мылтығының дүмімен соғып қалды. Бірақ, шіл жалт бұрылып құтылып кетті. Мұнан соң шырылдап кетпей жүрген бейбақ құсты ол таспен атқылап қанатын сындырды. Қанаты сынып далбақтаған шіл аулақтай жөнелді, бірақ ол сонда да онан қалмай қойды.

Тірідей жеген қызылшақа балапандар тек тамсандырып оның аш аранын аша түсті. Қиралаңдап ауру аяғын сүйрете басқан ол біресе шілге тас лақтырады, біресе аузын басып айқайлайды, немесе жалп ете түскен орнынан сүйретіле көтеріліп үнсіз, түнеріп ілгері басады, сөйтіп келе жатып басы айналып құлап кету хауінен сақтанып, қарауытқан көзін қайта-қайта уқалайды.

Шілді қуу оны шалшық ойпатқа әкеп түсірді де, ол мұндағы су мүктің үстінен адамның ізін көрді. Із онікі емес, оны ол көріп тұр. Биллдің ізі болуға тиіс. Бірақ бұған оның тоқтауға мұршасы жоқ, өйткені ақ шіл онан аулақтап барады. Әуелі ол соны ұстап алмақ, ал сонан кейін барып ізді анықтауға келеді.

Ол шілді шаршатты, бірақ өзінің де әлі құрып бітті.

(Жалғасы бар.)



# ЖАС АҚЫНДАР ЖЫРЫ

## БӨБЕКТЕР ҮШІН

### ТЕМІР ТОРҒА ҚОРШАЛМАПТЫ

Тістері оның ақсиды,  
Құлағы оның қақшиды,  
Көріп едім мен жазда  
Зоопарктен қасқырды.  
Қарады қасқыр маған да,  
Қарайды барлық адамға.  
Қорыққан жоқпын мен одан,  
Қорыққан жоқ мамам да.  
Ақ тиін, жираф, жылқыны,  
Түйені, қызыл түлкіні  
Қызыға көрдім ағайдың  
Кітабынан бір күні.



Әр суретке қарап қап,  
Отыр ем көріп парақтап  
Шыға келді бір беттен  
Қасқыр тілі салақтап.  
Ешкім де жоқ қасымда  
Қарауға қорқам қасқырға.  
Құтылып кеттім мен одан,  
Кітапты жауып қаштым да.  
Қорыққаным соншалық  
Тұрмын үнсіз томсарып.  
Қойылмапты бұл қасқыр,  
Темір торға қоршалып.

### ҚУАНЫП ЖҮР ҚОЗЫ

Көктеп тал, көк өсті,  
Күлімдеп күн көзі.  
Мекен ғып өрісті

Қуанып жүр қозы.  
Балғын шөп балауса  
Барлық қыр, барлық ой.  
Қозының көк майса —  
Шоколад, наны ғой!

### БАРАМЫН БІРГЕ МАМАММЕН!

Алыс жақта тұратын  
Хат келді бүгін ағайдан.  
Жазыпты ағай бұ хатын,  
Москва, Қызыл алаңнан.  
— Жүрсіз бе, әже, қуатты? —  
Дегені бізді қуантты...  
— Өскен соң қайда  
оқисың! —  
Деп, ағай менен сұрапты.  
— Бір жүру үшін ағаммен,  
Москваға барам мен!  
Бармаймын жалғыз, бірақ  
мен...  
Барамын бірге мамаммен!

Қ. Мүсірепов.

### МАЗАЛАМА МАМАМДЫ

Келші бері, жылауық,  
Көтерейін бірауық.  
Дайындасын тағамды,  
Мазалама мамамды.

Әләу-лә-ләй, әләу-ләй,  
Дайын болды палау, шай.  
Тыңдасайшы сөзімді.  
Әуп етейін өзіңді.  
Папам қазір келеді,  
Конфет әкеп береді.  
Әләу-лә-лім, әләу-лім,  
Папам ба екен, анау кім?!..

С. Баймаханов.

Қызылорда облысы.

### ҚАҢБАҚ

Қорқып қаңбақ дауылдан  
Келді қашып ауылға.  
Жүгірдік біз қуалап,  
Қашты ол, бейне дуадақ.  
Жатпаймын деп жапанда,  
Түсті барып апанға.

### ТЕНТЕК ТЕКЕ

Құдықтан, тереңнен  
Шелекпен су алып,  
Шөлдеген текені  
Көріп ем суарып.

Қасыма жақындап  
Тақады мүйізін.  
Бақаша бақылдап,  
Мақтады бір өзін.



Жақсы ма текенің  
Үйренген үлгісі.  
Су берген баланы  
Келеді сүзгісі.

М. Құрманалин.

Ақтөбе облысы.



# Б І Л І М

ӘҢГІМЕ

«Жолдасбек мектепке барады» — деп, Аймахан қарадай қуанышты. Оның түсінігінде мектеп деген — үлкен үй, онда толып жатқан папалар мен мамалар бар. Олар Жолдасбекке нешетүрлі суреті бар қызық кітап беруі керек. Мүмкін, велосипед беріп қалар, кім біледі.

Осындай тәтті ойлар Аймаханның тынышын алғалы әлдеқашан, Жолдасбек мектепке баратын бірінші сентябрьді асыға күтумен жүр.

Жолдасбектің тұңғыш рет мектепке баруына үй іші де дайындықсыз отырған жоқ.

Мамасы көптен бері киім тігіп, кітап дайындап әбігер. Әжесі де қалысар емес. Мектептің оқытатыны, әйтеуір, кітап қой деген оймен, Жолдасбектің сумкасына әліппемен қосып, Пушкиннің де бір томын салғызды. Мектепке баратын немересі емес, өзі сияқтанып, қуанышты жүр.

Міне, бірінші сентябрь де жетті.

— Алдыңнан оңғарсын, қарғашым! — деді әжесі, мұнтаздай болып киінген Жолдасбектің маңдайынан иіскеп. Мамасы бетінен сүйді.

— Аға, мектептен не аласың, ол саған не береді? — деді манадан бері үнсіз тұрған Аймахан.

Інісінің бұл сөзін Жолдасбек құлағына да ілген жоқ. «Менің жасым 7-ге келді, мен енді оқушы болам» — деген шат сезім бойды билеп, бір орында тағаттатып тұрғызар емес.

— Ол мектептен білім алады, — деді мамасы, — сен де білімді боласың. Мамаң мен әжеңе нан тауып бересің.

Бұл сөзге Аймахан бұртия қалды. Жанындай жақсы көретін мамасының тәтті конфет тұрғанда, дәмсіз нанды айтуы оны қомсындытып-ақ тастады.

— Иә, — деді ол, — мен нан тауып белмеймін.

— Енді не тауып бересің?

— Мен конфет тауып белемін...

Аймаханның бұл сөзіне қос ана мәз-мәйрәм болып қалды.

Аймаханның өз жұмбағы өзінде. «Білім деген не зат?» Көз алдына не бір асыл заттарды, нешетүрлі ойыншықты мың құбылтып келтірсе де, мамасы қызыға айтатын білімге олардың бірі де ұқсас емес. Әрі ойлап, бері ойлап, ұйықтап та кете жаздаған Аймахан ағасын сабырсыздана күтті. Ол әкелетін білімді қолына ұстап көргенше асық.

Бірақ, Жолдасбек құр қол келді. Әкелген не велосипеді, не сурет кітабы жоқ. Сірә, білім де бермеген-ау өзіне. Ешнәрсе көзіне ілінбейді.

Жолдасбек інісінің не күткенін білген жоқ. Мектепте көрген-білгенін әбден шаршағанша әңгімелеп болды да, столға отырып, кітаптарын ақтара бастады.

— Аға, әкелген білімің қайда? — деді әбден шыдамы таусылған Аймахан. — Маған да берші.

— Сен не айтып тұрсың?! — деді оған Жолдасбек, — қандай білімді айтасың?

«Қандай білім?!» Аймахан ағасының соңғы сөзін мазақ деп түсінді. Білім деген ол көрмеген тәтті затты Жолдасбек мектептен жасырып әкеліп, онысынан бөліп

бергісі келмей тұр деп ойлаған Аймахан қыңқылдай бастады:

— Берші деймін...

«Білім» деген не зат екенін мүлдем түсіне алмай-ақ қойған Аймахан, оны көрсетуге Жолдасбек ерінді, я болмаса қызғанды деп ұғып, өкпелеп қалды. Сөйтті де, «Тұра тұр, Жолдасбек сияқты үлкен болғанда, мен де мектептен білім алармын» — деп, өзін-өзі жұбатып, біраз жатты да, ұйықтап кетті.

О. Бодықов.

## ТЕНТЕК

Шығып еді қорадан бала мысық,  
Батырсынып тап берді ала күшік.  
«Не жетпейді сендерге, тентектерім»,  
Деп жүр Асан оларға ара түсіп.

Барар жолда Асан өз мектебіне,  
Жолдасының ұртынан шертпеді ме.  
Жұла қашып басынан тақиясын,  
Қой десе де қоймастан теппеді ме!

Шалып бірін аяқтан жықпады ма,  
Бұл ісі оның әдепті ұққаны ма!  
Күшік пенен мысықты «тентек» дейді,  
Өзі олардан есті боп шыққаны ма!!

М. Қыстаубаев.



# ҚҰСТАРДЫҢ АЙТЫСЫ

(Жаңа жыл кешіне арналған скетч)

(Күміс табак ай бозара қалып, алтын табак күн қызара шашырап шыққан кез. Айналасына тып-тығыз қамыс өскен айдын көл. Алқақотан отырған құстардың ортасындағы қаз коңырау соғады да, бір-екі қаңқылдап қалады).



Қаз — Ей, құс қа-қа-қауымы, үлкеніміз бар, кішіміз бар, әлсізіміз бар, жүзгішіміз бар, биікке самғап ұшқышымыз бар — бәрімізге ортақ атымыз — құс. Бірақ құс бола тұрып, бір-бірімізге деген сонау атадан мұрас болып келе жатқан өштігіміз де жоқ емес. Бүгінгі жиналып отырғанымыз, өздеріңе белгілі, арамыздан әділеттілік айтып, бірлік нұсқап отыратын лайықты бір құс табу. Ол әри-

не, барлық қасиеттерімен осы жердің иесі, қожасы болатындай дәрежеде болуы керек. Сондықтан даурыға таласпай әділ шешімге келейік. Ал, құс қа-қа-қауымы, бердім сөзді өздеріңе (құстар ойланып қалады.)

Көкек — (Бір тұрып, бір отырып) Қәне, сөйлемейсіндер ме, несі бар, сөйлеу керек. (Тағы да пауза. Айнала қарайлай берген көкек шыдай алмай: — Мен сөйлейін, мен, мен, — деп ортаға шығады.)

Қаз — Көкек сөйлесін.

Көкек — Бүкіл адамзат баласының, бүкіл жүгірген аң, ұшқан құстың салтанатты жаз мезгілінің ең бір сұлу айы — май айы. Сол тамылжыған май айында, менің де тамылжыта салар «Көкек» әнім естіледі. Көктемді сағынғантар, менің әнімді де сағынады. Мен «көкек, көкек» дегенде үнсіз мүлгіп тұрған бүкіл дала жаңғырығып, сай-сала «кө-ө-көк, көкек» деп қайталайды. Май айы бәріміз тыныстайтын жаз айының ең әсем айы болса, көкек әні сол айдың меншікті әні секілді. Олай болса, сол әннің иесі менің де құстар арасында ерекше орын бар ма деймін! (Көкек орнына барады. Ортаға қаратаған шығады).

Қаратаған — Құста-а-р-р, құста-а-р-р-р! (Бар даусымен шаңқылдап, айнала қарап алады.) Мен әуелі өз қасиетіме тоқтамас бұрын, жаңағы көкіп кеткен көкек жаында бір-екі сөз айтпақпын.

Көкек, сен несіне бөртіп, несіне пісесің. Қай өнеріңмен мақтанасың; осы жерге келгеннен бері өзің бір орнында отырған жоқсың, бір ұшып, бір қондың. Дәйегің жоқ. Адам баласы өз ішінен шыққан ұшқалағын саған теңейді. «Көкекке ұқсамай», «секендей берген көкек екенсің» деген сөзді талайлардың аузынан естімедік пе? Әншімін дейсің. Сенің қай жерінде әншілік бар. Әніңнің өзі өз атыңды таныстыру үшін ғана айтылады. «Көкек, көкек» деп өзінді өзің қайталау — мақтапшақтық қана ма деймін. Ал, бір айдан кейін сенде ол ән де жоқ. Сені жұрт «сақау көкек» атайды. Ендігәрі көктемнің сұлу айы өзің әкелгендей болма. Сақылдаған сары аяздың зәрі тарқап, қар астына су түсіп, өткір өкпек жел тұрмаса, май айы қайдан келер еді. Майды айтқанша, март, апрель айларын неге айтпайсың. Сол қардың кетуін хабарлап жар салушы кім екен? Ол мына мен емеспін бе!? Тобыммен ұшып, көктем даласын алғаш шуға бөлейтін бізді көрісімен-ақ, «енді қар көп жатпайды екен» дейтін халықтың қуанышын қайда қоясың. Олай болса, менің қасиетім сенен де зор-р-р, зор-р-р! (Басын шұлғи бітіреді сөзінің аяғын).

Бұлбұл — Маған сөз берсеңіз.

Құстар — Е, бұлбұл сөйлесін, бұлекеңе сөз берейік, — деп шуласады.

Қаз — Сөйле, бұлбұл.

(Асығыс көтерілген бұлбұл, айналасына нәштеңе бір қарап алады да, сәл бөгеліп барып сайрап кетеді).

Бұлбұл — Иә, құстар, құстың ең ірі қасиеті — үнінде, әнінде. Дене тітіркендіретін, не ырғағы, не мәні жоқ барқыраған қарға даусы, көрінген жерде өсек айтып жағы талмайтын сауысқан шықылығы, мезгілсіз уақытта тыным таппайтын бөдене быт-





былдығы, жылқы айдадым деп өзін-өзі жұбатып жүретін жылқышы ысқырығы — бәрі де тыңдаған сүйсінерлік, қалғыған сергіп, мүлгігеннің көңілі оянарлық әсем ән емес, тынышынды алып, жиіркене тыжырантарлық беймаза ғана. Бәріңе аян, менің атым әніммен әйгілі. Бұлбұл ән салды десе-ақ, жел уілін, аң жүгіруін, мал күйісін доғарады. Қалғыған тау, мүлгіген дала, дірілсіз тыңған өзен, сылдырап аққан бұлақ, мәуелі ағаш — бәрі де сол әннің қошаметшісіне айналады. Шымырлай балқыған ән, тыңдаушысының да бойын шымырлата балқытып, жанына ләззәт құйып, ұйыта тебірентеді. Бүкіл ызыңсыз жапанда, керіле жатқан жазық дала, сай-салада ерке ән ғана еркін қанатын қағып, әдемі үнін шырқайды. Міне, бүкіл табиғатқа әніммен тіршілік себетін, рақатқа бөлейтін менің үніме ұқсас басқа үнді естіп қалса-ақ адам баласы да: «па шіркін, бұлбұлша сайрайды екен, бұлбұлша тамылжытады!» — деп маған теңейді. Олай болса, осы аймаққа кожа болуға жарамайсың деп, кәне, қайсысың айта аласыңдар! *(Бұлбұлдың алдында ауыздарын ашып қалған құстар өзін-өзі ұмытып, ұйып қалғандықтарын аңғарып, селк етиседі. Бірдеңе десеңдерші десіп, бір-біріне қарасады. Пауза.)*

*Қоңыр үйрек қиралаңдай басып орнынан тұрады да, басы қалтақтап ортаға беттейді.)*

Қ а з — Сөйле, үйрек!

Қ о ң ы р ү й р е к — *(Асықпастан, аптықпастан өзіне тән сабырлықпен сөйлей бастайды.)* Бұлбұлдың әншілігіне, оның тыңданды балқытар әсем үніне таласым жоқ, бәрі рас. Бір-р-рақ, бір-р-ақ... Бұлбұл, сен өзі жел гулеген жазық далада ән салып көрдің бе? Не болмаса қамыстан басқа панасы жоқ, кемерін шылп-шылп толқын ұрған көл жағасында болып көрдің бе? Ондай жерде тыңдаушыларың, сені білетіндер бар ма? Әрине, жоқ. Сен, қайда мәуелеген ағаш болса, қайда жел тимейтін, күн өтпейтін жасыл жапырақты, жұпар иісті сая болса, сонда жүресің. Сонда ғана сенің әнің құйқылжиды, сонда ғана сен құлпырасың. Олай болса, сенің жаның өзгелерден тым ардақты болғаны ма?! Ендеше, көпшілікпен бірге бола алмайтын, қауымнан жырақ сенің әнің де көпшілікке арналмаған, көптікі емес. Сен сияқты жаны ардақтылар бізге не әділдік айтпак, не жөн сілтемек. *(Отырғандар бас изесіп, «дұрыс айтады» десіп құптасып қалады.)* Осы біз жайлап жатқан ең далада құс іздегендер болса, сөз жоқ,

тек қана көл аралайды. Көл — құстың мекені болса, құс — көлдің сәні. Ал, енді осы көлдерде көп отырып, көп мекендейтін, қар жауғанша жүретін құс кім? Ол үйрек. Күндіз келсең де үйрек даусын естисің.

Шәукілдек — *(Жыпылдай басып, ұмтыла түсіп, шіңк ете қалады.)* Дұрыс емес! Менің даусымды қайда қоясың?

Қ а з — Шәукілдек, тыныштал!

Ү й р е к — Көлдің бетінде сыпылдай ұшып тобымен көтерілетін шүрегейді, еркін қалқып, балдырды сүзіп сабырлы барылға салатын қоңыр үйрек мені, су астында кең тыныстап, еркін сүнгитін сүңгуір үйректі бағаламасандар, өздерін біліндер. Онда, айтарым жоқ. *(Қалтақтай басып, орнына беттейді. Үйрек орнынан жылжи бере-ақ «мен сөйлеймін, мен» дегендер даланы басына көтереді.)*

Қ ы з ғ ы ш — *(Шаңқ ете қалады.)* Мен сөйлейін!

Қ а з — Сөйле, қызғыш!

Қ ы з ғ ы ш — Бәріңді қорғайтын, бәріңнің қамқоршың мен, мен! Көлдің көркі біз деп, үйрек, қателеспе! Біз болмасак, сенің күніңді көрер едім. *(Құстар ду күліседі.)* Жоқ, күлетін ештеңесі жоқ, көлдің қожасы — мен! Олай болса көлді мекендейтін бүкіл құсқа қалайша кожа бола алмайды дейсіңдер. *(Тыпыңдай басып орнына беттейді.)*

*(Бағанадан мойнын ішіне тығып, ұзын аяғын кезекке кезек ауыстырып тұрған тырна «Мен сөйлейін» дейді.)*

Қ а з — Сөйле, тырна!

Т ы р н а — Әй, қызғыш-ай, саған билік не керек еді. Сенсіз де еркін толқып, еркін сымдырап жататын айдан көлдің маңына біреу барып кетсе-ақ, «ой-ба-ай!» деп айқайлап көтерілесің. Көл сенің ғана маңдайыңа басып қойғандай қызғана тұра келесің. Адам баласы өз қызғаншағын «көл қорыған қызғыштай!» — деп тегін







айтпаған-ау. Ал, мен болсам, артық сілтеп, артық мақтанудан аулақпын. Тек айтарым, осы отырған барлығыңнан мойным да ұзын, сирақтымын да, бәріңнен биік сонау аспан-ның ең алыс төріне, бұлттан әрі ұшамын. Олай болса, бәріңнен биік, бәріңнен озық та орын менікі болуға лайықты шығар дегім келеді. *(Айнала мойнын соза қарап барып тоқтайды. Ортаға қарақұс шығады.)*

Қ а з — Сөйле, қарақұс!

Қ а р а қ ұ с — Ей, тырна, мақтанбаймын деп тұрып, сен де мақтанып кеттің. Сенің серейген бойыңа, тыриған сирағыңа,



рабайсыз мойныңа, іліп аларға еті жоқ қу сүйек денеге мақтанатын орның жоқ еді. Одан да, адам баласының еңбектеніп жер жыртып, ұрық сеуіп өсірген егінін отайтын жауымын десейші. Мына бізді айт: күніне екі тышқан болса да қиядан көріп, қиыннан қисынын келтіреміз. Ол—адам баласына деген пайдамыз, егіннің жауына деген шабуымымыз. Олай болса, менің мақтанышым орынды, бағалануға тиіс!

А қ қ ұ й р ы қ торғай *(қарақұстың көзі түсіп кеткенде, құйрығын жыпың-жыпың еткізіп қағып қалып, жағымпаздана басын изеп мақұлдай қалады)*.— Иә, иә, дұрыс айтасыз!

*(Мұны аңғарып қалған қырғи, отты көзін қадай, имек, өткір тұмсығын тақылдатты. Жүрегі зәр түбіне кеткен аққұйрық одан сайын бәйек болып, сасқалақтап қалады.)*  
— Жоқ, сіз дұрыс айтасыз, сіз, сіз, мәртебелі қырғи!

Қ а з — Аққұйрық торғай, тыныштал! *(Орнынан жарбаң етіп, сүріне-қабына икемсіз жапалақ тұрады)*.— Сөйле, жапалақ!

Ж а п а л а қ — Мен сөйлейін. Ей, қарақұс, адам баласының досымын, қамқоршысымын, жауын жаралаушы жауынгермін деп несіне кеуде көтересің. Одан да, жаңа көзін ашып, анасының соңынан шикылдап ерген жазықсыз тауықтың сары ауыз балапанын ұрлайтын ұрымын деуге батылың жетпей тұр ма?! Қырағымын дейсің. Мына мені айт! Айсыз қараңғыда інінен көрініп қалған тышқандарды көз ілестірмей қағып аламын. Ешкімге залалым жоқ. Олай болса адамзат сені емес, мені бағалайды. Ал, сендер не дейсіңдер? *(Алақандай көзін аударып-аударып жіберіп құстарға қарайды. Орнынан сып етіп қырғи тұрады. Кішкентай құс атаулы тегіс селк етіп, үрпийсіп қалады)*.

Қ а з — Қырғи, сөйле!

Қ ы р ғ и — Ей, соқыр жапалақ, көзің бажырайып сен де билік айтқың келді-ау! Билік айтатын осы жерде қайсың барсындар, кәне! Бәрің ынжық, бәрің сорлысындар. Шетіңнен тиісsem түгел қырып шығамын. Топшыларыңды қиып топша түсіремін. Кәне, рас емес дендерші! Адам баласы «қырғидай тиіп» дегенді тегін айтпаған шығар. Ендеше билік те, қожалық та менікі емес пе! *(Отырғандар бүрісе тыңдап, қорқа бұғып, үнсіз қалады.)*

А қ қ ұ й р ы қ торғай — Қырғи, дұрыс айтады, дұрыс, дұрыс! *(дамьлсыз шық-шық етеді. Құйрығын жыпың-жыпың еткізеді. Орнынан қаз тұра келеді)*.



Қаз — Уа, қырғи, сен озбырлығыңа, жыртқыштығыңа несіне мақтанасың. Адал еңбек, бейбіт өмір сүрдім деп мақтанамысың? Саған билікті береді екенбіз, қоластыңдағы құс атаулыны қырарсың да саларсың. Көре тұра сені біз бұл жердік иесі етіп сайлай алмадық, қожамыз деп тани алмадық!

Адам баласы өз шешенін, өз әділ сыншысы Қазыбек дегеннің үнін менің үніме теңеп, «қаз дауысты Қазыбек» атаған. Олай болса, мен де сендерге билік айтуға жарармын деп ойлаймын.

*(Қаздан соң, сылана басып, кіршіксіз аппақ аққу сымбатты мойнын сыпайы ие тұра келеді).*

Аққу — Мен сендерді жамандап, не сынап ештеңе айтпаймын. Тек айтарым, адамзат «Аққу — құстың атасы» депті ғой, осыны ойларыңа жүгіртсендер болады.

*(Отырған құстар бір-біріне жалтақтап қарасып, не дерін білмей қалады. Пауза.)*

Суықторғай — Менің бір кішкене ғана айтарым бар, ұлықсат болса. *(Оған күле қараған басқа құстар: «Бұл байғұстың не айтатыны бар екен, сөйлесін, тыңдайық» дегіп, бірі қызыға ұлықсат етсе, бірі кекете ажуалайды.)*

Қаз — Жарайды, сөйле. Бірақ қысқа сөйле!

Суықторғай — Мен билік үшін, қожалық үшін таласпаймын. Бірақ, жаңағы сөйлеп кеткен құстардың мақтануларына шыдай алмадым.

Бәрің де тамылжыған жаз айында, кең далада еркін жүріп мақтанасындар. Ертең-ақ жапырақ сарғайып, көл тартылып, шөп құрап, қара суықты күз келіп, қаңтар жақындағанда көрер едім қалай панданғандарыңды. Жылы жақ қайдасың деп тізіліп алып қаша бастайсындар. Жемсауларың мен бөтегелеріңе қайда жем көп түседі — сонда боласындар. Сүйте тұрып, бұл жерге қожа болғыларың келеді.

Ал, мен болсам осы араның ыстығына күйіп, суығына тоңып, шыжыған жаз айларында да, қақаған қыс айларында да еңбегіммен нәр тауып, баспаналап, өз жерімді ешқайда тастап кетпеймін. Сондықтан да, адам баласы мені «суықторғай» атапты. Олай болса, бұл жердің негізгі құсы сендер емес, мен екенмін. Мен тұрғанда сендердің билік пен қожалыққа таласуларың ерсі-ақ. *(Құстар, мойындары төмен салбырап, үнсіз отырып қалады. Пауза.)*



Қаз — Таластың қортындысы кейінге қалдырылсын!

Құстар — Солай болсын! Иә, сол дұрыс! *(Орындарынан жылжып, тарай бастайды. Ортаға аяз ата шығады.)*

Аяз ата — Балалар, көріп отырсындар, құстар билік туралы ештеңе шеше алмады. Енді өздерің ойланындар, қай құс билік алуға лайықты?

*Шымалдық.*





## „БАТЫРЛЫҚ“

Көршіміздің алты жасар Шегір дейтін баласы болды. Сырттан қарағанда, көзге момақан, болбыр көрінгенімен, үндемей жүріп-ақ өзінен кіші балаларды шымшып алып, жылатып кететіні бар. Әсіресе, Көбейге күн көрсетпейтін-ді. Біздің көзімізше-ақ, Көбей десе батырлық жасап, онымен күресуге әзір тұратын. «Көбейді лақтырып жіберем» — деп мақтанатын да.

Бір күні Шегірдің «батырлығын» танытқан бір оқиға болды. Ойнап жүрген балалардың қасына Шегірдің әкесі мен тағы бір көрші келді. Олар балаларды күрестірмек болды.

— Біздің Шегір өзі қатарынан жығылмайды, әйтеуір! — деп әкесі де бір желпініп қойды.

— Кәне, кіммен күресесің? — деді көрші Шегірге.

— Көбеймен, Жапармен, Қырмызбен, — деп ол өңкей өзінен кішілерді атады.



— Жоқ, ол болмайды, күресудің де тәртібі бар. Жас балалар өзінің жастысымен күреседі, үлкендер салмағына қарай іріктеледі. Сенімен жасы да, салмағы да шамалас анау Базармен күрес.

— Жоқ, күреспеймін онымен, — деді Шегір шегіншектеп.

— Неге? — деді көрші.

— Ол жығып қояды мені...

— Жастысың ғой.

— Мықты ол, — деді Шегір мойнын ішіне тығып...

Сөйтіп, Шегірдің өзінен кішілерге ғана «батырлық» көрсететіндігі белгілі болды.

Мұның атын қандай «батырлық» дейміз?

**Ш. Серімбетов.**

Оңтүстік Қазақстан облысы, Шаян ауданы.

## ӨРМЕКШІ МЕН ТАРАҚАН

Бір жылы өрмекші мен тарақан қыстап шығуға өзі жылы, әрі лас жайлы жер іздеп, қала аралады. Бірақ, қайда барса да, жолы болмады, оларды бір үйден бір үйге қуып, маңына жолатпады. Ең аяғы, отын қоятын сарайдан да орын таппады. Қайсы үйге барса, айнадай тап-таза, тактайында кір, қабырғасында шаң жоқ. Өрмекші өрмегін, тарақан ұясын салуға орын таппай сандалып, арып-ашып жүргенде қара шыбынға кездесіпті. Амандасып болғаннан кейін, қара шыбын сөз сұрапты.

! — Е, өреке, тареке! Қайдан келе жатырсыздар?

— Ой, қареке-ай! Несін сұрайсыз. Көрмеген бейнетіміз жоқ. Қаладан қала, үйден үй қоймай аралап, қыстайтын пана таппай сандалып жүрміз. Көрмеген бейнетіміз жоқ. Ауыл жақсы дегенге, ауылды да араладық. Қайда барсақ та тазалық деген бір пәле алдымыздан шығады да тұрады. Аз да болса, тыныс алып паналайтын жер табылса, шіркін! — дейді тарақан.

— Қареке, қайсы бірін айта берейін. Адам баласының тұрмысы жақсарған сайын, біздің буын аяқты, жарғақ қанатты, бауырымен жорғалайтындардың халі нашарлады ғой. Бұл қалыпта тұқымымыз құрып кетуі ықтимал. Шіркін, баяғы заманда қараңғы, қарын терезе, қарауланған шам, түтін шалған пеш көп еді-ау. Әрбір үйдің төбесінен сүлгі тізіліп тұрушы еді. Бұрыш-бұрышқа өрмекті құрып алып, әткеншек теуіп тұра беретін едік! — деп күрсінеді өрмекші.

Шыбын сонда ол екеуіне былай дейді:

— Ондай күн қайда! Біз де пана таппадық, қысы-жазы көргеніміз қорлық. Біздің де тұқымымыз құруға жақын. Адамнан амал құтыла ма. Тарелкадағы суретті қағазды көргенде, өзіміздің туысқанымызды көргендей, топырлап үймелеп, судан ұрттап қалып қырыламыз да жатамыз. Жуындының өзін де жер қазып құйып, бетін жауып тастайды. Баяғыдай қаптап ұшып, қалқып ішіп жүретін күн қайда!

Бұлар мұндасып жылап, көрісіп жатқанда, қастарына қырықаяқ келеді.

— О, тареке! Өке! сіздерге не болды?

— Не болғаны бар ма? Жағдай осылай





да, осылай, — дегенде, қырықаяқ қоса еңіреді.

— Қареке! Сенің ұшып бармайтын жерің жоқ. Бізге қыстап шығуға жөн сілтеп, жол көрсет. Біз енді қайда барамыз?

Бұлардың зарына құлақ салған қара шыбын ақыл сөзге кірісті:

— Мен өзім де осы тазалық дегеннен құтыла алмадым. Егер іздеп таба алсаңдар, сіздерге қыстап шығуға бір жайлы орын бар. Мен өзім сол жерде бір қыс қыстап шықтым, — дейді қара шыбын.

— А, а, қареке! Соны айтыңыз, соны айтыңыз.

— Мен айтсам, ол орын — жалқаудың үйі.

Ол да өздерің сияқты тазалықтан қорқады. Тамақты бір ішіп алса, күндіз-түні столы жиналмайды. Барлы-жоқты тамағы төгіліп, шашылып жатқаны. Бар дүниесі іріп-шіріп жатады. Оның үйін тапсаңдар, өрмек тоқып, ұя салып, қыс қыстап, жаз жайлап, емін-еркін жата беруге болады.

— Осы ақыл екен, — деп өрмекші, қырықаяқ жалқаудың үйін іздеп кетті.

**Б. Тұрсынбаев.**

## АҚ ҚОРАЗДЫҢ АЙБАТЫ

Таңғы сағат сегіздің шамасы еді. Мен көлеңкелі тротуармен келе жатып, кенет, жан ұшыра шикылдаған дауысқа елең етіп, тұра қалдым. Дауыс сол жағымда қалып бара жатқан аласа сары үйдің ауласынан шықты. Тұра қалып, құлақ салдым. Тегі балапан болса керек, шық-шық етеді. Аула кісі бойындай шарбақпен қоршалыпты. Сол шарбақты жағалап, кейін қарай шегіндім. Бұл кезде көшеде жүргіншілер көбейді. Бірсыпыра адам сол аулаға мойын соза қарап, әлденеге зекіп тұр.

— Кет!

— Кіш!

— Өлтіреді-ау.

Солардың жанына барып, мен де тоқтадым. Шикылдаған дауыс иесі үйректің кішкентай ғана сары балапаны екен. Оны бір күшік аула ішінде қуалап жүрді. Аяғын тап-түп басқан балапан кішкентай қанатын ербеңдетіп қаша жөнеледі де, бір-екі метрдей жерге жете бергенде, әлденеге сүрініп, етбетінен түседі. Осы кезде қуып келе жатқан күшік оған тап береді. Жан ұшырған балапан қанатымен жер сабалап, тағы да жанталаса алға ұмтылады...

Мен балапанды жаман аяп кеттім. Күшік

тісін бір салса, не аяғымен басып қалса, үлпілдеген байғұстың несі қалады?!

— Кет, кет! — деп мен де айқай салдым.

Тіпті дауысты елейін деген күшік жоқ. Ауланы шарқұрып балапанды қуып жүр! «Біреуге ойын, біреуге өлім» дегендей мерт қылмағанның өзінде, мына қалпымен балапанды зорықтыруы мүмкін. Тас лақтырайын деп едім, балапанға тиіп кете ме деп қорықтым. Осы кезде, қайдан келгені белгісіз, шарбақ үстіне ар жақтан бір ақ қораз ұшып кеп қонды. Ол қанатын қағып, әрлі-берлі қомданып тұрды да, бір мезет, балапанға тап берген күшіктің үстіне биіктен тастай лақтырылды. Қона беріп, күшікті бастан бүрді. Күтпеген жаудан таңданғандай, күшік бір сәт шоңқайып отыра қалып еді, қораз қанатымен оны салып-салып жіберді. Күшік тоңқалаңдай қаша жөнелді. Ол үйшігіне кіргенше соңынан қалмай қораз қанатымен сабалай берді, сабалай берді. Балапан анадай жерде қозғалмастан жатты. Шамасы, қатты шаршаса керек, қораз күшікті үйшігіне қуып тығып, балапанның жанына келді де, сол маңнан кетпеді.

Біз ақ қораздың айбатына таң қалыстық, риза болдық.

**Қ. Исабаев.**




## **БОКСТЫҢ ШЕБЕРІ**

Кеше ғана бокспен шұғылдана бастаған Әбдісәланның Одақтағы күшті боксшылардың қатарына қосылуында қандай сыр бар? Бұл сұраққа Әбдісәланның өзі жауап таба алмайды. Тіпті жаратылысында қарапайым жас жігіт өзі туралы әңгімелеуді ұнатпайды. Бірақ, оның өмір жолына көз жіберген адам жоғарғы сұраққа жауапты оңай табады.

Әбдісәлан 10 жасқа келгенше Туркстан ауданының Ақсары атындағы колхозда атасының қолында тәрбиленеді. Колхозда қойшы болып істейтін атасы баласын еңбекке баулиды. Қой бағып, қозы қуып өткен балалық шағы болашақ боксшыны шынықтыра түседі.

Туркстанда оқыған кездерінің демалыс айларында да Әбдісәлан өзі туып өскен колхозына келіп егін жинауға, мал бағуға көмектесуді әдет етеді.

7-класта оқып жүргенде Әбдісәланның өмірінде



Спорт мастерлері Ә. Нұрмаханов (сол жақтағы) пен И. Гильдин рингте.

ерекше бір оқиға болды. Бір күні 10-класстың оқушысы Молдабек Құралбаев мектепке екі бокс қолғабын әкелді. Сабақтан шыққан барлық бала Молдабекті қаумалап алды. Балалардың әрқайсысы-ақ бокс қолғабын киіп, ең болмаса бір рет қасындағы жолдасын нұқып қалсақ деген тілегін жасыра алмады.

Молдабек бокс туралы төменгі класс оқушыларына қысқаша мәлімет береді де, қолғаптың біреуін Әбдісәланның қолына кигізеді. Міне, осы уақыттан бастап Әбдісәланның жүрегіне бокспен шұғылдану деген арман ұялайды. Бұл арманға жас жігіттің 1954 жылы қолы жетеді. Алматыдағы физкультура техникумына оқуға келген Әбдісәлан ешқандай ойлаусыз-ақ бокс тренері Константин Михайлович Мулаевқа өзінің бокспен шұғылданғысы келетінін айтады, қарт ұстаз жас жігіттің өтінішіне қарсылық жасамайды. Бокс қолғабын киген алғашқы күнінен бас-

тап-ақ Әбдісәлан бұл өнердің аса көп еңбектенуді керек ететінін жанымен сезінеді. Бокстың қиын да жауапты әдісін үйрене бастайды. Рингте шапшаң қимылдау, қорғана жүріп шабуыл жасау, міне, мұның барлығы боксшы үшін ең керекті шарт екенін Әбдісәлан терең түсінеді. Өзін осы жолға баулиды. Бокс қолғабын кигеннен кейінгі бір жылдың ішінде жас жігіт екінші разрядты спортшы деген атақ алады. Алматы қаласы бойынша өз салмағынан бірінші орынға ие болады. Әбдісәлан 1956 жылы көктемде болған жарыста «Буревестник» спорт қоғамының Бүкілодақтық Орталық Советінің чемпионы атағын жеңіп алады. Бұдан кейін Советтер Одағы бойынша болған жарысқа қатысып, қатарынан төрт боксшыны жеңіп шығады.

Өткен жылғы СССР халықтарының спортакнадасына барарда Әбдісәлан өзінің күшті қарсыласушысы Либерманнан бірінші айкаста жеңілгенмен, шешуші айкаста өзінің одан күшті екенін танытып, Москвадағы ірі айкасқа қатысуға мүмкіндік алады. Бұл жарыста ол тек СССР-дың еңбегі сіңген спорт мастері Лез Мухиннен ғана жеңіледі. Бірақ, бірінші, екінші раундтағы Әбдісәланның басымдығына жұрт риза болысады. Осы кездесуден кейін Әбдісәлан Бүкілодақтық бокс командасының құрамына енгізіледі.

Одақтағы жеке жарыста өз салмағы бойынша Әбдісәлан екінші орынға шығып күміс медаль алды. Спорт мастерінің нормасын орындады.

Әбдісәланның бұл жеңісін өзімен бірге жаттығып, бірге жарысқа қатысып жүрген жерлестері қуана құттықтады.

Осы сапардан оралған Әбдісәлан биыл көктемде қазақстандық спорт мастері И. Гильдинмен Алматыда кездесті. Ауыр салмақты екі спорт мастерінің бұл көздесуі Қазақстан бокс тарихында бірінші рет болған оқиға еді.

Жұрт бұл күні стадионға өте көп жиналды. Осыған қарай ойыншылар да үлкен шеберлік көрсетті. Бұл атакты боксшылар осы кездесуінде үш рет күш сынасады.

Бірінші сынауда Гильдин жеңді. Екіншіде Нұрмахановтың салмақты жатқаны аңғарылды. Бұл күш арбасуының дағдырын ақырғы — үшінші шайқас көрсетпек. Міне, көрушілердің де ынтығы осында. И. Гильдин асыға, аптыға Әбдісәланды жапыруға ұмтылды. Бірақ, Әбдісәлан сол қолымен кескестей шебер қорғанып, оң қолымен көсілте дәл періп-періп жіберді. Мұнда күшті боксшының шебер әдісі де, басым күшті де жарқ етіп көрінді. Қарсыласушы Гильдин майырылып барып бас сауғалады. Көруші жұртшылық Әбдісәланның жеңісіне қошеметпен ду қол соқты.

Әбдісәлан қазір физкультура техникумын жақсы бітіріп, физкультура институтына оқуға түсті. Ол кішіпейілділігімен де, спорттағы жетістіктерімен де өз достарының, жерлестерінің құрметіне ие болды. Үзбей жаттығу, талмай үйрену арқылы Әбдісәлан бокс тарихына жаңа беттер қоспақ.

**М. Омаров.**

СССР спорт мастері.



## ТІЛ — МАҢЫЗДЫ ҚҰРАЛ

Адам өмірінде тілдің маңызы өте зор. Жас нәресте өмірге келген соң іңгеләп жылайды, ол оның әрнәрседен хабар бергені. Іңгә — тіл.

Қарт әжелер жас нәрестенің бесігін тербетіп, әлдилеп уатады, әлдилеп ұйықтатады. Әлди де — тіл.

Бала есейе келе анасы немесе қарт әжесі оған қызық-қызық ертеке айтады. Ертеке те — тіл.

Біздің халықтарымыздың бұрынғы қара түнек ауыр тұрмысы туралы немесе бүгінгі бақытты, шаттық өміріміз туралы айтылатын өлеңдер бар. О да — тіл.

Біз алыстағы жақын туыстарымызбен, дос-жолдастарымызбен хат арқылы амандық-саулық білісіп байланыс жасаймыз. Хат та — тіл.

Өткен ғасырларда өмір сүрген Ломоносов, Пушкин, Белинский, Абай, Ыбрай сияқты ақын-жазушылармен де біз кітап арқылы сөйлесеміз. Тіл адамның ойымен тығыз байланысты. Біз кітап оқығанда ойланып оқимыз, одан білген жаңалықтарымыз, алған мағлұматтарымыз туралы ойлаймыз. Бізді тек кітап оқу ғана емес, әрбір жаңа құбылыс, жаңа көрініс ойландырады, яғни біз әрқашан да көп ойланамыз. Тіл — ойдың тікелей көрінісі.

Біз тіл арқылы аспан әлемінде, жер шарында не болып жатқанын білеміз. Тіл арқылы дүниежүзіндегі прогресшіл адамдардың бізге деген ізгі тілегін, сүйіспеншілігін білеміз. Тіл арқылы өмірдің терең сырларын түсінеміз.

Бақытты өмір құру үшін, Отанды жаудан қорғау үшін адамдардың бір-бірімен қатынасы қажет. Тілсіз қатынас жасай аламыз ба? Жоқ. Демек, бұдан тіл адамдардың бір-бірімен қарым-қатынас жасауда өте қажетті, маңызды құралы деген қағида туады.


Өз ана тілдеріңді қадірлеп, оның мол байлығын игеру арқылы да күн санап гүлденіп өсіп келе жатқан түрі ұлттық, мазмұны социалистік мәдениетімізге зор үлес қосасыздар.

Ана тілдеріңді жете меңгеріп, жақсы білу арқасында ұлы орыс халқының тілін де терең білуге кеңінен мүмкіншілік аласыздар.

**Б. Манасбаев.**

Қазақтың С. М. Киров атындағы Мемлекеттік университетінің қазақ тілі кафедрасының оқытушысы.

## ЖАҢА КІТАП



### „АРАЛ РОБИНЗОНДАРЫ“

Жас жазушы Саид Баязитовтың биыл балаларға арналған екінші кітапшасы басылып шықты. Бұл кітапша «Арал робинзондары» деп аталады.

С. Баязитовтың «Күтпеген кездесу» деген атпен шыққан бірінші кітабы да балалар өміріне арналған болатын. Ол осы тырнақалдысында балалар өмірін білетінін танытқан-ды.

Автордың «Арал робинзондары» деген кітапшасы да оқушы үмітін өтеу жолында еңбектеніп жүргенін көрсетеді.

Жинақ «Арал робинзондары» деген көлемді әңгімемен ашылған. Әңгімеде 6-класс оқушыларының «әскери» ойындары баяндалады. Қаладан ауылға жаңа келіп кластағы балалардың «сынынан» әлі өтіп болмаған Кенжесарыны бірінші топтың бастығы Нұрсайын:

— Сен қаладан келдің, біздің жердің қаланың көшесіндей жазуы жоқ, адасып кетерсің, — деп қағытып, өз тобына қосуға қарсы болады. Нұрсайынның бұл қылығына ызаланған Тайман:

— Жау жерін жатқа білгенмен, тапқырлығың болмаса, түк те жеңбейсің, Кенжесарыны біз өз тобымызға аламыз, — деп шешеді.

Таймандардың тобына қосылған Кенжесары барлаушыға көмекшілік міндетін атқарады. Тапқырлық жасап қарсы топтың жеңілуіне себепші болады.

Әңгіменің тілі жеңіл. Оқушыларды ерлікке, тапқырлыққа баулуды жас автор дұрыс баяндап, орынды шешім жасайды.

«Шындық» атты әңгімеде Қалматайдың велосипед тебемін деп сабаққа қатыспағаны, класс старостасы Ақанның бұл туралы класс жетекшісіне хабарлағаны, жалпы жалқаулыққа қарсы класс оқушыларының күресі айтылады. Әңгімедегі жағымсыз қылықтарымен көзге түскен Қалматай да, оның бұл жағымсыз мінезін бетіне басқан Ақан да өзіне тән мінездерімен оқушының көз алдына елестейді.

Жалпы «Арал робинзондары» атты жинақтағы қай әңгімені оқысаң да, мектеп, ондағы оқушылар өмірімен танысасың.

Жас бүлдіршіндердің қылықтары көз алдыңнан түрліше көріністермен тізбектеліп өтіп жатады. Кітаптағы әр әңгіме өзінің көркемдік бояуымен де, мазмұнымен де оқушыға жақсы әсер қондырады.

Балалар, жас жазушы С. Баязитовтың бұл жинағы республикамыздың барлық кітап дүкендерінде сатыла бастады. Сендер де сатып алуды ұмытпаңдар.



**ҚҰС ӨСІРУШІ**



Құс — үй алдының көркі емес пе? Балпаңдаған қоңыр қаз, көгілдір түсті көгершін, үлгілдек сары жүнді тауықтың балапаны кімді қызықтырмайды.

1956 жыл. Жаз айы. Ерсайынның атасы базардан екі үйректің балапанын сатып әкелді. Қос балапан қасындағы адамдарды тосырқағандай жан-жағына қарап көп тұрды. Сәлден соң су сұрағандай, әлде жем тілегендей қырқылдап қанаттарын қағып-қағып қойды.

Түтін түстес үйректің осы екі балапанын Ерсайын жанындай жақсы көрді. Күніне үш мезгіл жем шашып, алдарына су қойды. Таңертеңгілік кешкілік көгал жерге апарып жайды. Бос уақытын балапандардың қасында өткізді.

Дегенмен, осынау жас балапандардың бабын табу қиын еді. Олар тауықтың балапандарына қосылмайтын. Арықтағы ағып жатқан суды көрсе, жүзіп ала жөнелетін.

Бір күні мынадай оқиға болды. Екі балапан арықтың жағасындағы қиыршық құмның үстінде аунай бастады. Ерсайын суға шомылып болып, киімдерін киіп жатқан болатын. Кенет, оның көзі аспанда қалықтаған қарақұсқа түсті. Тақтай қанат қарақұс бар екпінімен жерге шүйілді.

Не істеу керек? Сорлы балапандар жыртқыштың тырнағында кете ме? Ерсайын балапандарға қарай жүгіріп келеді. Үлгіре алмады. Қарақұс іліп алып кететін болды.

— Қызық! Балапандар көз ашып жұмғанша суға сүңгіп жоқ болды. Ал, қарақұс аспанға қайқайып шыға келді... Ерсайынның еңбегі далаға кеткен жоқ. Қазір оның ауласында сол екі балапаннан өрбіген 20 үйрек бар. Ол құс өсірудің әдісін өзге жолдастарына үйретумен қатар, колхоздың құс фермасына да жиі барып, құс өсіруге көмектесіп тұрады.

Қ. ДӘРІБАЕВ.

Қызылорда облысы, Тереңөзек ауданы.

**ЖАС ШЕБЕРЛЕР КӨРМЕСІ**



Бұл күні қалалық пионерлер үйі әдеттегіден көңілді еді. Таңертеңнен бастап пионерлер үйіне қала мектептерінің оқушылары ағыла бастады.

Сағат 9 болмай-ақ модельдер көрмесі ашылған бөлмеге пионерлерлық толды. Ұзыннан-ұзақ қойылған столдың үстіндегі жас өнершілердің жасаған модельдері келушілерді еріксіз өзіне тартты.

Абай атындағы орта мектептің 8-класс оқушысы Кирилл Чедеев жасаған қысқа толқынды передатчик пен Киров атындағы орта мектептің оқушысы жасаған қабылдағышқа көрушілер өте риза болысты. Әсіресе, Киров атындағы орта мектептің оқушылары бірлесіп жасаған бу қазаны көрушілерді ерекше сүйсіндірді.

Бұл күн оқушы өнерінің мейрамы сияқты болып өтті. Көптеген пионерлер жас шеберлер үйірмесіне мүше болатындықтарын білдірді.

Қазір қаланың пионерлер үйі жанында слесарьлық, токарьлық үйірмелері қызу жұмыс істейді.

Д. ХАСАНОВ.

Гурьев қаласы.

Мұқабаның бірінші бетіндегі Ә. Хайдаровтың «Ұлы мерекеге сыйлық» деген суреті.

Редколлегия мүшелері: Баранов К., Бегалин С., Дарқанбаев Т., Ерғалиев Х., Иманжанов М., Ыбраева А., Ыдырысов Р. (редактор), Қирабаев С., Нұрқатов А., Нұртазин М.

Техникалық редактор М. Фум.

г. Алма-Ата, проспект Сталина, дом 79, редакция журналы «Пионер»

Қазақстан КП Орталық Комитеті жанындағы Республикалық газет-журналдар баспасы.

Подписано к печати 14/IX 1957 г. УГ05250. Бум. 84×108<sup>1/16</sup>—0,75 бум. 2,46 п. л. Тираж 26700  
Полиграфкомбинат Главиздата Министерства культуры КазССР. Заказ № 1548.





## СЕН БІЛЕСІҢ БЕ?

Біздің планетамыздың 15590 мың шаршы километрі қысы-жазы мұздың астында болады. Мұның өзі бүкіл Европа жерінің көлемінен 1,5 есе артық.

\*\*\*

Байқал көлі — өте үлкен көл. Оның ұзындығы 660 километр де, көлденеңі 85 километрге жуық. Мұндай жерге Бельгия мен Голландияның екеуі де емін-еркін сиып кетер еді.

Байқал көлінен, көлемі жағынан, тек Каспий, Арал теңіздері және Солтүстік Америка мен Африканың кейбір көлдері ғана артып түседі. Ал, тереңдігі жағынан жер шарында Байқалға тең келер еш көл жоқ. Байқал көлінің ең тұңғыш тереңі — 1741 метр.

Байқал көлінің айдынына 92 Азов теңізін немесе 23 Арал теңізін сыйғызуға болар еді.

Байқал көлін 1500-ға жуық түрлі жәндіктер мекендейді. Мұның тағы бір ерекшелігі, бұл жәндіктердің 70 проценті осы көлден басқа ешқандай жерде кездеспейді. Сондықтан да ғалымдар Байқал көлін «Тірі жәндіктердің музейі» деп атайды.

## ПАЙДАЛЫ КЕҢЕС

Тамақ әзірлеген кезде ыдыстың түп жағы күйіп кетсе, асты басқа таза ыдысқа салып алыңдар. Түбі күйген ыдыстың ішіне уксусқа тұз қосып құйып жусандар, ыдыс жақсы тазаланады.

\*\*\*

Ыстық күндері сары майды тұзды суға малынған шүберекке орап қойсаңдар, май ерімейді.


\*\*\*

Сүт ашып кетпеу үшін, оны шыны ыдысқа құйып, суық су құйылған кең ыдысқа салып қою керек. Сүттің бетін шүберекпен жапқанда, оның шет-шеті суға малынып тұратын болсын. Суға тиіп дымқылданған шүберек буланады да тұрады. Мұндай жағдайда сүт те салқын тұрады.

## СОКРАТ БЫЛАЙ ДЕГЕН ЕКЕН

Данышпан философ Сократ өлім жазасына кесілгенде, шылп етпестен сазарып тұра беріпті. Ол у құйылған ыдысты жайымен алып аузына жақындата бергенде, әйелінің жазықсыздан-жазықсыз-ақ өлесің бе деп зарлағанын естіп ол: «Ия, шынымен-ақ, менің қылмысты боп өлгенім, сенің жаныңа жағымды тиетін болғаны ма?» — деген екен.

# Фемалыс УАҚЫТЫНА




## КРИПТОГРАММА

III. 10. 13. 16. 8. 3 — сұрау есімдігі.  
IV. 9. 2. 6. 11. 4 — қазба байлық.  
V. 17. 3. 14. 3. 10 — ескі қару.

Мұнда жоғарыдағы сөздердің жауаптар

«Пионер» журналының 8-санындағы жұмбақтың жауабы. Шыбын.

Шым-шытырықтың жауабы.



Дұрыс жауабын бірінші жібергендер:

И. Бақтыбаев (Қызылорда облысы, Жалаңаш ауданы), М. Жүнісқұлова, М. Қонғанбаева, С. Дәулетбақов (Талдықорған облысы, Киров ауданы), Б. Үзденев, (Оңтүстік Қазақстан облысы, Сайрам ауданы), Ү. Тоймырзаева (Жамбыл облысы, Свердлов ауданы), О. Кенжеғалиев (Гурьев облысы, Қызылқоға ауданы), Р. Сарыбаев (Ақмо-

ла облысы, Қорғалжын ауданы), Е. Игенова (Талдықорған облысы, Талдықорған ауданы). жауабын тауып, клеткадағы цифрлардың орнына әріптер жазыңдар. Сонда тіл жөнінде айтылған халық мақалы шығады.

Жасаған Нұрдәулет Байсеркеев.

Кеген ауданы.

Сендер бұл аттардың қайдан шыққанын білесіңдер ме?

Арктика — жер шарының солтүстік полярлық бөлігі. Мұның аты жетіқаракшы жұлдыздарына байланысты қойылған. (Грек тілінде арктос — ұрғашы аю). Осы жұлдыздың тұсында Арктика жатыр. Арктикадан айыру үшін оңтүстік полярлық бөлікті Антарктика дейді. (Анти — грекше қарсы деген сөз).

Ямал — СССР-дың солтүстік жағындағы үлкен жарты арал. Атын ненецтер қойған. Я — жер деген сөз де, мал — шеті деген сөз. Сонда «Ямал» деген сөз ненецтерше «жер шеті» деген сөз екен.

Тбилиси — Грузин ССР-ның астанасы. Бұл қаланың аты грузиннің тбили — жылы деген сөзінен шыққан екен. Қаланың ескі бөлектерінде суы жылы қайнарлар бар.

Байқал — Шығыс Сибирьдегі көл. Жер жүзіндегі ең терең көл. Бұл көлдің аты буряттың «Байгал — далай» — табиғат теңізі деген сөзінен шығыпты.